

П И О Н Е Р



МАЙ

1947 ЖЫЛ

№ 5

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫ



ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ ЖАС БАТЫРЛАРЫ



Советтер Одағының Батыры 18 жасар комсомолка Зоя Космодемьянская. Жаудың тылында ержүрек партизан қызды фашистер ұстап алды. Олар Зояны қатты азаптады, бірақ, партизандар туралы одан ешқандай мағлұмат ала алмады. Содан кейін жауыздар советтің батыр қызын дарға асып өлтірді.



Советтер Одағының Батыры Олег Кошевой. Ол Краснодар қаласындағы «Жас гвардия» атты жасырын комсомол ұйымына басшылық етті. Басқыншылар оны атып өлтірді.



Советтер Одағының Батыры Александр Матросов. Шабуыл жасаушы ротара жол ашу үшін Матросов дұшпанның дзотының аузын өзінің денесімен жапты. Сөйтіп, ол өзінің өмірін құрбан етіп, неміс пулеметінің үнін өшірді.




Советтер Одағының Батыры Александр Чекалин. Қатты жарақаттанып фашистердің қолына түскенде де, ол есінен танбай, оларға гранат лақтырды. Оны Лихвин қаласында (Тула облысы) немістер дарға асып өлтірді.



Советтер Одағының Батыры Лиза Чайкина. Калинин облысы партизандарының жетекшілерінің бірі. Сталин жолдастың баяндамасын халыққа оқып беру үшін жау қолындағы деревняға барған жерінде, ол қапыда фашистердің қолына түсті. Немістер оны Пено қыстағында атып өлтірді.



Советтер Одағының Батыры Мәншүк Мәметова. Батыр деген ардақты атаққа тунғыш ие болған қазақ қызы. Ержүрек комсомолка өзі тіленіп майданға барып, соғыс төрінде, Невель қаласын фашистерден азат ету ұрысында батырлықпен қаза тапты.



БҰЛАРДЫҢ ЕСІМІ МӘНГІ ЖАСАЙДЫ.



В. И. ЛЕНИНИ

(Жалғасы. Басы өткен санда)

КҮРКЕДЕ

Буржуазияның уақытша үкметі Ленинді тұтқынға алу туралы бұйрық берді. Патша жандарымдары бұл кезде жоғалған болатын. Бірақ уақытша үкметтің қарақшылары олардан кем соққан жоқ. Патша мен оның шабармандары большевиктерді қандай қатал қудаласа, бұлар да оған қалысқан жоқ. Сондықтан большевиктер партиясы революциялық жұмысты тағы да жасырын істеуге тура келеді. Партия ең алдымен өзінің көсемін аман сақтап қалуды көздеді. Өйткені жаулар Лениннің ізіне түсті. Ленинді сақтауға Сталин қамқорлық етті. Ол Ленинге қауіпсіз орындар әзірлеп, сол жерлерге оны өзі ертіп апарып жүрді. Алғашында Ленин қарт большевик — жұмысшы Аллилуевтың пәтерінде жасырынды. Бірақ, мұнда ұзақ тұру қауіпті болды, сондықтан Сталин Ильичті Разлиев станциясындағы басқа бір жұмысшының үйіне апарды. Ленин сақал-мұртын алдырып тастады, оны бір көргенде тану қиын еді. Разлиев станциясында Владимир Ильич келген бетте сарайдың шатырының астында тығылып жатты да, бірнеше күннен кейін көлдің арғы бетіне тігілген күркеге шығып кетті.

Разлиевте, күркеде отырып Ленин «Мемлекет және революция» атты даңқты кітабын жазды. Ол бұл кітапқа ерекше үлкен мән берді. Бұл кітапта, бұрын—

соңды дүниеде болмаған, жұмысшы мен шаруаның жаңа мемлекетін жасаудың планы жасалды. Бұл кезде уақытша үкмет Ленинді іздеуді тағы қолға алды. Жаулардың көсемді тұтқынға алып, қазаға ұшырату қаупі туды. Сол себепті Владимир Ильич кітабының қол жазбасын бір жолдасына беріп, өзі олай-бұлай боп кетсе, кітапты Сталинге тапсыруды сұрады.

Күз түсе Сталин Ленинді жаңа орынға көшірді. Үстіне кочегардың киімін киіп, басына жасанды шаш киіп, Ленин паровозға отырып, Финляндия шекарасынан өтті. Онда әуелі Ялкала деревнясына орналасты да, кейін Гельсингфорс (қазіргі Финляндияның астанасы—Хельсинки) қаласына барып, сонда орын тепті.

Ұ Л Ы Ш А Б У Ы Л

Сентябрьдің 30-да Петроградқа бір табан жақындау мақсатымен Ленин Выборг қаласына қоныс аударады. Ол большевик партиясынан құралды көтеріліске тығыз дайындалуды талап етеді.

Октябрьдің 20-да Ленин Петроградқа қайтып келді. Әліде болса, оған бойтасалап, жасырынып, көтеріліс дайындығына астыртын басшылық етуге тура келді. Лениннің ұсынысы бойынша көтеріліске басшылық ете- жін Сталин жолдас бастаған партия орталығы сайланды.

Ноябрьдің 6 — дағы тарихи кеш. Ленин революция штабы орналасқан Смольныйға келеді. Ноябрьдің 6-да түнімен, 7-де күнімен (ескіше октябрьдің 25-і) Ленин Смольныйда болды, Сталинмен бірге көтеріліске басшылық етті.

Ноябрьдің 7-де кешке таман, совет үкметін жариялаған советтердің Бүкіл Ресейлік II — съезі ашылды. Ильич екі күн, екі түн ұдайымен кірпік ілмеді. Тек қана ноябрьдің 7-нен 8-не қараған түнде Қысқы сарай алынып, уақытша үкмет тұтқынға түскеннен кейін, Ленин бірер сағат тынығу үшін Смольныйдың қасындағы бір партия қызметкерінің үйіне кетті. Бірақ Ильич ұйықтай алмады. Басқаларды оятып алмау үшін ол ақырын ғана орнынан тұрып, столға барды да жер туралы декретті жазды. Келесі күні Советтер съезінің мәжлісінде Ленин дүние жүзіндегі бірінші рет құрылған—жұмысшы-шаруа үкметінің басшысы болып сайланды.



Ленин күркеде.



ЖАУЛАРДЫҢ ҚОРШАУЫНДА

Октябрь төңкерісі болып өтісімен ақгвардияшылардың әскері Петроградқа төніп келді. Ленин бірнеше күн соғыс округінің штабында болып, ақ басқыншыларды талқандауға төте басшылық етті. Жау талқандалды.

Жаулар Владимир Ильичті бірнеше рет қазаға ұшыратпақ та болды. Олар бір күні Лениннің автомобилін атты. Машинаның көп жерінен шурық—шурық оқ тесіп өтті, бірақ, Ильич аман қалды. 1918 жылдың көктемінде совет мемлекетінің астанасы Петроградтан Москваға көшті. Осы кезде әсэр қарақшылары Ленин мінбек болған поездды қыйратуға әзірленді. Бірақ, совет разведкасы бұл қастықты да уақытында біліп, болдырмауға жедел шара қолданды.

Ленин 1918 жылы 30 августа Михельсон заводына келді. Онда митингіде сөз сөйледі. Ильич қайтуға дайындалып, автомобилінің қасына келгенде, жаулар ұлы көсемге оқ атты. Атушы әсэр партиясының мүшесі Каплан еді. Оқтың ішіне у салынған еді.

Бұл жолғы Лениннің өміріне қастық жасауға Троцкий мен Бухарин және олардың барлық бапдалары тікелей қатынасты. Ленин ауыр жараланды. Оның денсаулығы туралы хабар күн сайын газет бетінде жарияланып отырды. Жұмысшылар мен шаруалар—Ресейдің бүкіл еңбекші халқы мен бүкіл дүние жүзінің еңбекші бухарасы Владимир Ильичтің науқасы туралы хабарды қатты қорқыныспен бақылап отырды. Фабрикалар мен заводтарда, селолар мен соғыс майдандарында революция жауларына қарсы рақымсыз шабуыл жүргізуді талап еткен сансыз қаулылар қабылданды. Совет үкметі қатал шаралар қолданып, жау уясының тас—талқанын шығарды.

Лениннің денсаулығының жақсылығы ғана ауыр жаратты жеңіп шықты. Екі жетіден кейін Владимир Ильич науқасынан айығып, совет мемлекетін басқару ісіне қайта кірісті.

Бұл азамат соғысы жүріп жатқан кез болатын. «Бізді ылақтырып тастауға буржуазия біткен барлық күшін жұмсап жатыр» — деді Ленин. Ақгвардия армиясы мен 14 шет мемлекеттің әскері тізе қосып, совет үкметіне қарсы күрес ашты. Олар біздің еліміздің төрттен үшін—Украина, Кавказ, Сибирь, Қыйыр шығыс, Орал, Орта Азияны басып алды. Революцияға қарсы армияларға іштен бүліншілік жасаушы құлақтар көмектесті.

Социалистік Отанға хауіптың қара бұлты төнді. Қалаларда астық, отын, шам болмады, темір жол өте нашар жұмыс істеді. Жау салған темір құрсау шеңбері тарыла бастады.

Осындай қыйыншылық жағдайда Ленин асқан сабырлықпен халықты жеңіске бастады. Соғыс пен мемлекет жұмысындағы барлық қыйыншылық жағдайларда Лениннің ең жақын көмекшісі және сенімді серігі Сталин жолдас болды. Отанға ең зор хауіп келтірген жерлерге Сталин жолдас жіберілді. Ол барған жерінде берік тәртіп орнатып, хауіптың бұлтын ілезде ыдыратып жіберетін болды. Ол азамат соғысының ең ірі майдандарында



Ленин балалар арасында.

тікелей басшылық етті. Бұл күндерде ұлы көсемдер бірі мен бірі үнемі байланысты болды, телеграммалар алысып тұрды, телеграф арқылы кеңесіп отырды.

У Л Ы Е Ң Б Е К Ш І

Ленин Қызыл Армияның барлық майдандардағы қыймылын үнемі бақылап отырды. Ол майдан басшыларымен тікелей байланыс жасап, бұйрықтар мен нұсқаулар беріп отырды. Сонымен бірге ол мындаған салалы мемлекет жұмысын басқарды. Барлық газеттерді оқып жана басылған кітаптарды қарап шығуға да үлгірді, өзінің ғылыми еңбектерін жазуды да тоқтатпады.

Осының бәрін жүзеге асыруда Ленинге көмекші болған, оның мектепте оқып жүрген кезінен, бала жасынан бастап сүйегіне сіңген еңбек ұйымдастыру жолын тамаша білетіндігі еді.

Ол уақыттың таразыға тартқандай етіп мөлшерлейтін. Ол бір минутында бос өткізбейтін еді. Партияның Орталық Комитеті мен халық Комиссарлары Советінің Ленин басқарған мәжілістері әрқашанда тұп-тұра белгіленген мерзімінде ашылатын. Баяндамашылар мен



сөйлеушілердің сөзі қысқа болуын және негізгі мәселені шешуге арнаулы талап ететін. Көпірмелі көп сөзді Ленин жан-тәнімен жек көретін. Аса маңызды мемлекет мәселелерінің өзі Ленин қатысқан уақытта өте жылдам шешілетін.

Ильич әрқашанда шат көңілді, мұңаюды білмейтін кісі еді. Ол ұтымды сөздер айтуды, әзілдесуді, қасындағыларды еріксіз еліктетерліктей шын көңілімен күлуді ұнататын. Ленин әнді, өлеңді, музыканы жақсы көретін.

КЕМЕҢГЕРЛІКПЕН ЖАСАЛҒАН ЖОСПАР

Ленин совет республикасын азамат соғысының дауылынан данышпандықпен аман алып шықты. Енді соғыс салдарынан бүліншілікке ұшыраған елдің шаруашылығын қалпына келтіру жұмысына кірісу керек болды.

Ленин совет үкіметі өмір сүре бастаған күннен бастап бүкіл халықты игілікті іске бір адамдай жұмылдыратын мемлекеттік жоспар жасауды қолға алды. сол арқылы ғана социалистік шаруашылықты өркендетуге болатындығын үйретті. Әр адамды көпшілік ісі мен советтік Отанның пайдасы үшін шамасынан келгенше жұмысты жақсы істеуге шақырды. Бұл жөнде Ленин жасаған социалистік жарыстың тарихи зор маңызы болды.

Азамат соғысы жүріп жатқан кездің өзінде-ақ Москва жұмысшылары коммунистік сембіліктер ұйымдастыра бастады.

1920 жылы майдың бірінде еліміздің түкпір-түкпірінде ұйымдастырылған сембілікке Лениннің өзі де қатынасты. Ол бөрене көтеріп, арба сүйреп, тас тасыды.

Владимир Ильич Ресейді электрлендірудің де ұлы жоспарын жасады. «Коммунизм-совет үкіметі және барлық елімізді электрлендіру»,—деді Ленин. Лениннің жоспары бойынша ірі электр станциялары салына бастады. оларсыз үлкен заводтар салу, темір жол құрылысын кеңейту, көмір мен мұнай өнімін арттыру мүмкін емес еді. Ленин тұңғыш электр станциялар — Волков өзені бойындағы және Москва түбіндегі Каширадағы электр станция құрылыс жұмыстарына күнбе-күн қамқорлық жасап отырды.

Сталин жолдастың басшылығымен лениндік жоспар анағұрлым артығымен орындалды. Ол біздің елімізді шын мағнасындағы қуатты және әл-ауқатты социалистік державаға айналдырды.

О Қ У, О Қ У Ж Ә Н Е О Қ У

Ленин жастарға зор қамқорлық көрсетті. Оларды біліммен қарулануға шақырды. Мұнсыз коммунизм құрушысы бола алмайтындығын ескертті. Бұл туралы Ильич комсомолдың III-съезінде айтты. Ильич жас буынға оқу, оқу және оқу, деп өсиет етіп кетті.

Ленин данышпан оқымысты, ғылымның жарық сәулесі еді, сүйте тұра өмірінің ақырғы күніне дейін оқуын, үйренуін тоқтатқан емес.

Владимир Ильич нағыз тәртіпті және кішіпейіл адам еді. Елімізде болған ең ауыр жылдардың өзінде Ленин балаларға және олардың денсаулығы туралы туған әкесіндей қамқорлық жасап отырды.

Бейбітшілік жағдайдағы социалистік құрылыс басталғанда Ленин партия мен елге бұрынғыдай Сталинмен біріге отырып басшылық етті, онымен үнемі ақылдасып отырды.

Ленин Сталинге тамаша қамқорлық жасайтын. Кремль комендантына 1921 жылғы ноябрьде жазған хатында Ленин, Сталиннің пәтері тым қолайсыз, басқа бір тыныштау пәтерге шығаруды, бұл тапсырманың орындалғаны туралы хат арқылы хабарлауды жазыпты.

1922 жылы Лениннің ұсынуымен Сталин партияның Орталық Комитетінің бас секретарі болып сайланды. Содан бері Сталин жолдас ешбір өзгеріссіз сол қызметті атқарып келеді.

1921 жылдың өзінде-ақ Лениннің денсаулығы нашарлай бастады. 1922 жылдың көктемінде науқасы оны мендей түсті. Ленин Москвадан Горкиге қоныс аударуға мәжбүр болды.

Денсаулығы жақсарған кезде Владимир Ильич Москваға қайта келіп жұмысқа кірісті. Көп ұзамай Ильич тағыда төсек тартып жатып қалды. 1922 жылдың 13 декабрінде Ленин Кремльдегі өз кабинетінде ақырғы рет отырып жұмыс істеді. 1923 жылдың 19 октябрінде Владимир Ильич Горкиден Москваға ең соңғы рет келіп қайтты.

Партия мен бүкіл еңбекші Лениннің науқасына қаты қамықты, әр қайсысының өз басына жолыққан қайғыдай көріп, қабырғалары қайысты. Барлығы да сүйікті көсемнің өміріне туған хауінтың шешімін зор қорқынышпен күтті.

1924 жылғы январьдың 21інде, кешкі сағат 6да науқас Ильичті мүлде мендей бастады. Ол ес-түссіз жатты. Кешкі сағат 6дан 50 минут өткенде, Горкиде, мынына қан құйылғандықтан Ленин қайтыс болды.

Лениннің денесі салынған табыт Москваға әкелініп Одақтар үйінің колонна залына қойылды. Сүйікті көсеммен қоштасуға келгендер ұдайымен төрт күн ілек-ілек болып ағылып жатты. Январдың 27 күні ертеңгі сағат 6да Лениннің денесі салынған табыт Қызыл алаңға апарылды. Күндізгі сағат 4те қаралы музыка күйіне бөленіп, фабриктер мен заводтардың мындаған айғайы мен зеңбірек оғының гүрсілдеген үні астында Лениннің денесі мавзолейге кіргізілді.

Міне енді, мынау Қызыл алаңға, адам баласының данышпаны—Лениннің бейнесін мәңгілік естерінде қалдырып, жүрегінде сақтауға дүние жүзінің түкпір-түкпірінен миллиондаған адамдар келіп қайтады.


Ленин өлгенде, жаулар қуанған болатын. Олар: большевиктер мен совет үкіметі құрылды, деп ойлады. Жаулар есебінен мықтап жаңылды. Ленин өлді, бірақ, оның Сталинмен бірге құрған және тәрбиелеген партиясы қалды. Лениннің ісін алға алып барушы-біздің туысқан көсеміміз Сталин қалды. «Сталин—бүгінгі Ленин»,—деп жазды Француз жазушысы Анри Барбюс. Лениннің арман еткендерінің барлығын Сталин іске асырды. Ұлы Сталин бізді социализмге жеткізді. Сталин бізді бахыттың шыңы—коммунизмге бастап келеді.





Ұлы жеңісіміз

Майор А. ЕЛШІБЕКОВ



Ұрпағы жыл еді бұл, жеткіншектер! Майдандағы әкелерің, араларың жауды жүндей түтіп, күннеп-күнге тықсырып оны өз інінде жапыштағалы бара жатқан жыл еді. Қуаныш хабар шарықтан, шар тарапқа таран ол жылғы көктемнің ырайын кіргізе түсіп тұр еді.

Сол көктемнің күн еңкейе кешкірген кезін кім ұмытар.

«Жолдастар! Отандастар!

Германияны жеңген ұлы күн туды...

Жеңіс құтты болсын, қымбатты отандастарым!»

Кеменгер қолбасымыз Сталин атамиздың бұл игі сөзі естілгенде, сан миллион жүрек қуаныштан жарылардай болды. Төрт жыл ұдайы майдан үшін қабылған кеуде «уһ» деп бір дем алғандай болды. Туған-туысқан, көрші-қолан бір-біріне сүйінші сұрай жүгірісті. Ұлы мерекеге құтты босын айтысып, жеңіс тойының дастарқаны жайылды. Жау мұқатылды. Төрт жылдай түйлі қабақ жадырап, жарқын жайына келді. Ұлы жеңістің тәтті күйі шәртіліп, сұлу әні шырқалды.

Ата-аналарымыздың, аға-аналарымыздың ұлы Отан соғысы жылдарындағы қажымай-талмай еткен ауыр еңбегі еш болмады, маңдай тері босқа кетпеді. Бұрын-соңды болып көрмеген ұлы жеңіске қолын жеткізді. Отанымыздың мерейі үстем шықты, қуаты арта түсті. Бұған досымыз да, дұшпанымыз да ден қоятын болды.

М. И. Калинин марқұмның бұл жеңіс бізге арзан түскен жоқ, дегені ың-рас. Тарихта талай үлкен қатты қан төгіс соғыстар болған. Бірақ, солардың бірде-бірі біздің елің Ұлы Отан соғысымен тең болмаған. Бұл соғыстағыдай жер қайыстырған қалың қол, мұндағыдай қыруар көп техника жұмысалған соғыс болған емес-ті. Біздің ел мұндағыдай қатал, қанышсөз жаумен кездескен емес. Біздің ел, ел болғалы мұндай үлкен қатерге ұшыраған емес-ті.

Бұрын бір ел бір елмен егер болып жауласа, бірі-бірінің жерін жаулап алу үшін соғысар еді. Бір жағы бір жағын жеңіп, жерін алып тынар еді.

Бұрын бір ел бір елмен соғысарда тұрысатын жерін айтысатын. Сөйтіп барып соғысатын.

Ал, неміс фашистердің бұл соғысы кәлімсі соғыстай өзгеше соғыс болды. Ол біздің жердің бір бөлегіне ғана емес, бәріне түгел шеңгел салмақ болды. Толымызды төгіп ортамызды шайқамақ болды. Емін-еркін халқымызды құлдыққа салмақ болды, оған көнбесе, халқымызды, жас ұрпағымызды құртып жібермек болды. Тұрысатын жерін айтып, үндемей қабатын итше андаусыздап келіп тиді.

Қалай ету керек еді?

Не кескілесу, не құлдыққа көпу-міне осының бірін таңдау керек болды.

Халқымыз, әрине, тізерлеп жүріп күнелткеннен көрі, тік тұрып өлгенді артық көрді. Жаумен кескілесуге бел байлады.

Жаудың көтере алмас шоқпарды байланғаны, әлін білмей әлек болайын дегені көрініп-ақ тұрды. Өйткені жапды-жақты совет халқының алып күші сенімді күш еді. Адамзаттың асқан даналары Ленин—Сталин жасақтаған совет халқын жеңістен жеңіске бастап келе жатқан жауынгер большевик партиясы, Сталин сынды данышпан көсемі бар еді, осы заманғы қарудың бәрі сай айбынды Қызыл Армиясы бар еді.

Татулығы жарасқан алыс ағайынды совет халықтары орыс, украин, белорус, казак, өзбек, грузин, азербайжан, литван, молдаван, латыш, қырғыз, тәжік, армян, туркиен, эстон, карелфин, байтақ Отанымызды мекендеген тағы басқа халықтардың бәрі түгел жауға қарсы тік көтерілді. Ұлы халқымыздың көріне ұшырап, қырсық шалған жау, Қызыл Армиядан соққыны жей-жей сүйрегіліп өз ініне — Берлинге барып тығылды. Жаралы аюанды өкпелесіп қуып Совет Армиясы Берлинге кірді.

Бұл сол бұрпағы жылы еді, жас достарым!

* * *

... Міне, Бранденбург қақпасы. Міне, Рейхстаг-жаудың жексұрын жатағының орталығы. Бұл — гитлершіл қанқұйлылар тобырының ордасы. Тас-талқан шығып, ойран болып жатыр. Сол керек! «Бір кемелге — бір зауал», «бір асқанға бір тосқан» деген осы.

Сонау Рейхстагтің үстінде желбіреген қызыл ту Сталин қолбасшымыздың бұйрығы бойынша тігілген

біздің ту, жеңіс туы. Тарихта қалар бұл оқиға сол бұрнағы жылы болған. Сол жылы майдың екі жаңасы күні, Берлинге аратүспек болған Бейлинг дейтін неміс генералы өзінің штабымен қоса-қабат біздің қолға түсіп, оның әскерлері қаруын тастаған. Майдың 8нде Германия қарулы күштерінің сөзсіз тізе бүккені туралы қағазға қол қойылған. Осы себепті ССР Одағы Жоғарғы Советінің Президиумы Майдың 9ын Жеңіс Мейрамы етіп жариялаған.

Үлкен аға ұлы орыс халқымен тізе қоса, фашист жаумен төрт жыл ұдайы алысып, совет халықтарының қолы жеткен ұлы жеңіс осы болатын. Бүкіл совет халқымен, ата-аналарының бірге масайраған ұлы істің ұлы күні осы болатын талайлы, бақытты, жас ұрпақтар!

Жауды мұқатып, Берлин үстіне Жеңіс туын тіккен батыр ұлы-қызмына бүкіл совет халқы алғыс айтып, қатты риза болды. Жауды жеңген, Берлинге Жеңіс туын алдымен алып кірген батырлардың бірі мына лейтенант Мүрөзиев Қауған. Оның взводы сақ ұлтты совет халқының бейнесі, оның бөл баласы: орыс Николайев, өзбек Қабулов, Азербайжан Мәлімов, татар Гимадов тағы басқалар еді. Бұлардың бөл ажары Москва түбінен бергі ұрыстардың кұрымы шалған, тотығыңқы төрізді. Сайдың тасындай, кілең керемейік жігіттер.

— ...Бакылау-тексеру пунктіннің де-журнайымын, документіннің рұхсат етіңіз. — деді тобылғы шырайлы сержант. Тақасын тық еткізіп, солдат тәртібімен сәлем берді. Берлин орталығында ұрысып жатқан біздің әскерлердің ту сыртына қарай тышқан жорғалап өтуіне жол жоқ. Бұлардың қызметі міне, осындай. Бұл Ертіс бойының жігіті Шәймерденов, Семейден келген екен. Сонау Семейден... Берлин ортасында ол айтқанын істеп тұр.

Бұл күйді совет азаматы, біздің жас ұрпағымыз қалай мақтаныш етсе де сыйымды, дос сүйішіп дұшпан күйінсе де орынды.

* * *

Біздің совет халқы ең күшті, ең қатерлі жаудың жағасын жырып, ұлы жеңіске қолы жеткеніне екі жыл болды. Сонан бері біздің ел осы ұлы жеңісті баянды етуді көздеулі; соғыс салған жараның өңін жетімдіру мен шұғылданулы. Халық шаруашылығын қалпына келтіру, соғыстан бұрынғы қалпынан едәуір асырып түсіруге кірісулі. Сталиндік жаңа бесжылдықты орындауға, асыра орындауға жұмылулы. Еңкейген кәрі, еңбек-



Жеңіс туы

теген жасқа шейін, оның ішінде сіздер де, жас жеткіншектер, осы тілекте-халық ол-ауқатын, мәдениетін неғұрлым тез көтеру тілегінде.

Бұл бейбіт еңбектің, еліміздің мемлекет мүддесіннің күзетінде совет қарулы күштері сақ тұр.

* * *

Бүкіл еліміз болып Жеңіс мейрамын быйыл да мерекелейміз. Бұл тойымызға татымды шапұмен келеміз-жұмысшылар өндірістен өскелең өнім алу, шаруалар бітіс егін шығару, оқығандар жаңа ғылым-өнер табу, жас ұландар білім қазнасын, көп білім алу күресіндегі табыстарын тойға шашу етіп шашады. Той дастарқаны жылдан жылға молыға, көркейе береді.

Быйыл да той асымыздың алдын қолымызды құаныпқа жеткізген, жеңіс атасы кеменгер Сталин, Сізге арнаймыз. Хош келдіңіз, төрге озыңыз!

Келіндер, жеткіншектерім, той дастарқанының басына!

ОЛ КҮНДЕРДІҢ, ӨШПЕС ДАҢҚЫ...

С. СЕЙТОВ

Сай жағалап бір бала
Келеді зыр жүгіріп,
Сыбаның жеңін алыпты,
Қос балағын түрініп,

Бірдеме деп айқайлап,
Қолын бұлғай береді.
Ор қояндай орғыған,
Дөңгеленіп келеді.

Қалдық қайран: япырмай,
Бұл қайдағы бала екен?
Арнап алдан шыққандай,
Не жұмысы бар екен?

Келе жатыр, әйтеуір,
Бір жас бала шапқылап,

ПОЛЯК БАЛАСЫ

Етпейді елен, немістер
Жатсадағы атқылап.

Қөзді ашып-жұмғанша,
Жетіп келді жүгіріп,
Апыл-құпыл.. не дерін,
Біле алмай, аз-кем кідірді:

— Абайлаңдар дей келдім,
Ау, ағайлар, ағайлар!
Селоның бергі бетінде
Қалың кара бидай бар.

Өзім көрдім: кіл неміс
Сол бидайдың арасы.

Жатыр бәрі жол тосып
Отыз-қырық шамасы.

Деді де, бала ізінше
Жөнелді қайта жүгіріп.
Қарай-қарай артына,
Ауық-ауық бурылып.

Әутеген-ай! баланың
Атын да сұрап алмаппыз.
Тым болмаса «рахмет» деп,
Есендесіп қалмаппыз.

Бәлкім, қайта жолығар.
Бітер өкініш жарасы.
Умытпаспыз еш сені,
Сондағы поляк баласы.

С У

Ақ жайқын Днепр
Кең көлбей керіліп,
Бұрқырап буының
Ушқаны көрініп.

Момақан пішінде
Балбырай маужырап,
Сұлудың көзіндей
Жатты алда жаудырап

Таң ата полкіміз
Өзеннен өтпекке
Жөнелді жосылып,
Жағаға жетпекке.

«Алдымыз—Днепр!»
Дегенге денеміз
Шыйрығып, нық басып
Тым суыт келеміз.

Қайтпады десіміз
Түтеген оқтан да,

«Жолбарыс», «Фердинанд»,
Қат-қабағ доттан да.

Таң ата полкіміз
Шықты өтіп өзеннен.

Т Ө Б Е Ш І Н

Қала емес, Село емес,
Кішкене ғана төбешік.
Бауырында қаным төгілген,
Сенің үшін егесіп.

Жоқсың карта бетінде,
Ешкім сені көрген жоқ,
Жер үстінде барыңды
Естіген жоқ, білген жоқ.

Атың сенің ешқандай
Мәліметке енген жоқ.
Іздеп сені газеттің
Тілшісі де келген жоқ.

Қадірің артық қалайда,
Кішкене ғана төбешік.
Қанымды төккен сен үшін,
Душпаныммен күресіп,

Жол бастап түсті асып.
Асулы кезеңнен...

Мұны айтып жолдасым
Қалды да кілт тоқтап,
Белдегі байлаулы
Күтысын қолына ап:

—Сол күні, өтерде,
Днепр зәм-зәмін
Белгі қып, күтыма
Толтырып алғамын.

Кел бері, бір жұтып
Дәмін тат тағы да,
Қуаты өтсін бір
Жел беріп жаныңа,

Деп маған ұсынды
Күтысын қолдағы.
Басталды жаңадан
Әңгіме жолдағы.





Т Ы Р Н А Қ А Л Д Ы

С. БЕГАЛИН.

Әңгіме

Сәтжанға Серікбай атасы ителгінің балапанын ұстап бергенінен бір—екі айдың жүзі болды.

Қанат—құйрығы жетіліп, көнектей болып толған қара ителгі тоятты түзден тілейді. Ол жарғақ, бұлдырық сыяқты кішкене түз құстарына түсуге талпынады. Көкке қарап шақырып, аяқ бауын тартып, тұғырдан түсіп далпылдап, аспан әлеміне қанат қағуды көксейді. Қасына келіп, қолына қондырып «бопам, бопам.» деп сіп далпылдап, аспан әлеміне қанат қағуды көксейді. көзін қадап, жүніп жығып, қутындап қояды. Құсбегі атасының қыранын қолына алғандағы істейтін әдеттерін істеп Сәтжан да «қал, бопам, қал!» деп ителгісін сылап—сыйлап сергітеді. Құсын қолына алғанда, Сәтжанның оған алдырмайтын аны дүниеде жоқтай көрінеді. «Әттең, бұл жақта қарақұйрық жоқ. Әйтпесе, соған салып үйретсем», — деп ішінен ителгісін ең қыран құс деп сенеді.

Сыйыр фермасы күзге қарай Байқошқар бойына көшіп қонды. Сәтжанның жыл бойы баққан бұзаулары марқайып сүт ішуді қойып, бойдақ малдың қатарына қосылуға айналды. Жаңа қонған соны өлкенің бойы деген сыйыр қонысы, жұмсақ өлеңді шөбі, суы мол жер еді. Сәтжанның бұзаулары қазір торпақ болды, мүйіздерінің тұқылы көрініп, күн санап тола бастады.

Ол бұзауына торпақ ағы берілісімен-ақ, кешікпей қыста бөлек барылатын бойдақ сыйыр тобына өткізеді. Көктемде туған жас бұзаудан санап, алдына салып берген бұзауларды аман бағып, өсіріп, бойдаққа қосуоның жаздайғы еңбегінің қортындысы болмақ. Ол мұны асығып күтуші еді. Сол бұзауларындай жайлауда ұстаған ақ үрпік балапаны да қазір жетіліп, ителгі болып, тұғыр басты. Оны осы өзен бойында аяқтандырып

құс алдырмақ ойы бар. Енді аз күнде мектепте оқу да басталады. Жаздай бірі егісте, бірі шөпте, бірі малда болған құрбыларымен бас қосып, жазғы өмірде көрген жаңалықтарын айтысады. Осы ойлар бірінен—бірі қызықты болып алма—кезек көз алдына елестеген Сәтжан, торпақтарын түскі жусауына әкеліп, ауылдың жанына иірді.

— Сәтжан, сен ителгіде кешеден бері жем бердің бе? Қане, бері әкелші, көрейін. Бұл семіріп кетсе, құс қайтқан кезде қашқыш болады. Сен енді жемді бұған сиретіп бер. Бүгін бір қызылға шақырып байқайық, — деп Серікбай Сәтжанның ителгісін қолына алды. Атасының осы сөзін жаңа жұртқа қояғалы күтіп жүрген Сәтжан қуанып кетті. Атасының айтуымен, ителгісіне екі күннен бері жем берген жоқы. Тоят тілеп шарылдап отырған балапан, Серікбай қолына алғанда, қомағайлана жем дәмелті.

—Е, өзі әбден ашыққан екен. Ал, мұны мен ұстап отырайын, ана жемді біздің үйдегі қоянның терісіне тығып бір шетін қызартып шығар да, жіпке тағып аны қырқалап сүйретіп алып қаш, — деді Серікбай. Атасының айтқанын бұлжытпай орындап, Сәтжан жемді тыққан қоян терісін қолына алып, ителгісін Серікбай нұсқаған қырқалап барып шақырды. Ашығып отырған қомағай қыран қызылды көріп етпетінен түсті. Ителгі сабалап жемге бет алғанда, Сәтжан арқанның ушынап ұстап қоянның терісіне байланған қызылды сүйрете қашты. Түздегі ителгінің түйіп түсетін әдетін айнытпай істеп, жемнің үстіне келіп жеткенде, ителгі қайқаң етіп аспанға көтеріліп, жарқ етіп келіп қоянның терісін іліп түсті. Ителгінің мына түсісіне Серікбай аса разы болды. Ентелей басып құс түскен жерге о да келді.

Жемнен бір-екі тартқызып, көп бермей сол жерге қондырып тастап, өзі Сәтжанды ертіп үй жаққа қайтты.

Жем басқан жерінде қойқандап біраз отырды да, ителгі қайта көтеріліп ушып аспанға шықты. Серікбай қолындағы жемді қайта көрсетіп, ителгіні енді өзіне шақырды. Қолдан жем алып үйренген тәжірибелі қыранша, ителгі аққан бетімен келіп, Серікбайдың қолындағы жемге қонды.

— Мұны бүгін аса тойғызба, ертең мына жердегі қара судан үйрекке салып көрелік. Үйрек ұшыр құс, алыстан көріп мына шабан шіркін жете алмай қалмаса, алатын түрі бар, — деп Серікбай Сәтжанды адам айтқысыз қуанышқа бөледі. Ителгінің алғашқы өнеріне қызығып тұрған Сәтжанның жолдастары Жанай мен Оспан:



— Ата, бізді де ерте барыңыз, — деді.

Бүгінгі түн Сәтжанға жылдан аз болған жоқ. Ол ителгісінің жемге түскенін, бүркітші атасының мақтап үйрек алады дегенін апасына айтып, Сәтжан түн ортасы ауғанша көзін ілмеді. Танның атып бузауын, торпақтарын өрістетіп, отын қандырып қайта әкеліп жеткізу сәтін өте ұзақ көріп, әрең дегенде ұйықтады.

Сәтжанның әрбір талабына тағаты қалмай қызықтан қарайтын Зейне де баласына аз қуанған жоқ. Ол тек баласы күспен тым әуестеніп кетпесін дегендей, салмақты ақыл айтып, оның назарын шаруа жағына, оқу жағына ойыстырды. Сонымен қатар ана әрдайым баласына ой салып, өнерге талпындырып отыратын еді.

Сәтжан күндегі әдетімен уақытында тұрып, торпақтарын өргізіп кетті. Ол торпақтарын атасы айтқан Қара су бойына қарай өрістетіп, үйрек қарады. Салқындай бастаған солтүстіктің ызғырық желінен жиреніп, жылы жаққа бет алып, оңтүстікке қарай серпілген үйректер де Қара су бойында жыйналып қалған кез еді. Уйтқып ұшып, қоныстамай, су бетіне шыймай салып жүрген топ—топ шүрегей, салмақпен ұшып, көгалды шөптесін, салынды бар жерді сағалай қонып, бүкпайтайлап жүрген қос көкала мойын. Солардың бәрін бүгін ителгісіне қырғызатындай қызығып Сәтжан екі көзін үйректерден алмады. «Өзім бүгін ителгімді неге ала шықпадым екен. Мүмкін өз қолымнан да алдырар едім», — деп өкінгендей де болады ол.

Оты қанған торпақтары түскі жусауына бой ұрып, ауылға қарай шалқыды. Әлденеше топ үйректің Қара суға келіп қонғанын белгілеп, екі көзін су бойынан алмай Сәтжан да ауылға жеткенше асығып келеді. Егер атасы алдынан ителгіні алып шығып, қазір жүр десе, ол тамақ ішпей—ақ жүріп кетер еді. Бірақ, атасы оны істемеді. Малың жайғастырып, алды—артын тыянақтап, алаңсыз болып, сонсоң ғана құс салуға аттанбақ болды.

Сәтжанның асығып келген сырын апасы айтқызбай—ақ ұққан. Атасының уәделі кезі жеткен тәрізді. Осыны түсінген Зейне баласына:

— Атаңа бар, үйрекке апарам десе, бузауды мен өзім оралтып қайтам. Құсыңды аяқтандыр, — деді.

— Ана, ана Қара суда үйрек сыймайды. Атамды ертіп барам. Атам кеше өзі айтқан, барады. — деп, Сәтжан қатты қуанып кетті. Сәтжанның қуанышы ұғып отырғандай тұғырда тұрған ителгісі шарылдап шақырып—шақырып жіберді.

Ителгіні алып Серікбай және Сәтжан бастаған бір топ бала Қара суға қарай жөнелді.

Жасынан құстың неше түрлі өалу әдісін жадына жаттаған Серікбай Қара суға таянған кезде, ителгіні шаяқартпай, су жақтан көлеңкелеп, өзінің ығына ұстап

үйректен ителгіні жасыра бастады. Түйсігі тұз құсына арналған қол бала ителгі де осы сырды ұққандай шарылдағанын қойып, жымып келеді. Сәтжан да ата ыңғайымен аншылық әдіске көшіп, демін іштен алып, жан—жағына, жолдастарына жымыйып қана қарайды. Бұларды сезіп қап суда отырған бір топ шүрегей дүр етіп ұша жөнелді. «Ителгім зу етіп, көтерілген шүрегейдің тобына араласады, атам соған жібереді» деп күткен Сәтжан, құстың әлі атасының қолында отырғанын көрді. Осы шақта оның лепіріп келген көңілі басылғандай, не болды, деген күдік билеп, өне бойы тітіркеніп кетті. Соңша болмады, шүрегей ұшқан Қара судың бас жағынан пыр етіп ұшқан қос көкала мойын судан көтерілгенше, ата қолындағы ителгі де лып етіп ұшып аспанға шықты.

Шүрегейдей зулап ұшып, зырлап ақпай шабаңдау ұшып тұзу жөнелген қос көкаланың үстіне ителгі сып етіп жетіп барып, оқтай жоғары атылды. Құсының осы сәттегі бар қыймылын бағып тұрған Сәтжанның көзіне жас толып, бұлдырап кеткендей болды. Үйректің дәл үстіне жетіп алып ителгі қайта шүйліп келгенде, бір үйрек сылқ етіп құлдырап жерге ақты. Ол үйректің қызығына қарап ителгісінің одан кейінгі қыймылынан Сәтжан көз жазды. Ителгісі үйректің бірін теуіп түсіріп, екіншісін сабалап қуып жөнелді. Соңша болмады, сасқан үйрек бұлт етіп бір шоқ талға барып жоқ болды. Талға кірген үйректі таба алмай, ителгі ағындаған бетімен өзениің қабағындағы бір жартасқа барып қонды.

Ителгінің теуіп түсірген үйрегіне Жанай бұрын барып жетті. Ителгі қайтер екен деп, қарайлап қалған Сәтжан да жетті. Қолындағы қызылды көрсетіп, Серікбай ителгіні жемге шақырды. Дардылы қырғиша ителгі бөгелместен атасының қолына келіп қонғанда, Сәтжан қатты қуанды. — Ол «құсым қолға қайтып келмей қояр» деп те қорыққан еді. Ителгісі оны істемеді. Лап етіп қызылға қайтып келді. Ителгі теуіп түсірген үлкен көкала үйректі Серікбай бауыздап Сәтжанның өзіне берді.

— Құсың аяқтанды, мынау құсыңның тырнақ алдысы, сенің де тырнақ алдың, Зейне үлкен той істейтін болды, — деп күлді.

Сәтжанға жұмбақ болып тұрған бір нәрсе атасының құсты алғашқы бір топ шүрегей үйрекке жібермей, ұстап қалғаны еді. Ол өз ішінен: «көп үйрекке жіберсе, көп алар еді, мына жекеленген екі ғана үйрекке жіберіп, біреуін ғана алып қалдық» деп азырқанын та қойды. Сүйтсе де осы сырды атасынан сұрағысы келіп бірнеше оқтанды. Сәтжанның сұрауынан кейін, атасы ұшқыр шүрегейдің ителгіге жеткізбейтінін, салған құсына жете алмаса ителгі беталды ұшып ұзап кететінін ұғындырды.



КЕК ЖАЛЫНЫ



ДАСТАН
(Соны Басы өткен сандарда).

Ә. СӘРСЕНБАЕВ

Суреттерін жасаған К. БАРАНОВ

—Бауырым-ау, анан қайда?
—Анау бақтың ар жағында,
Сенсең басты қарағайдың
Түбінен мен іздеп таптым.

Жатыр екен бишара ана,
Бөтқандай-ақ тәтті уйқыға,
Жалбарындым „түр!“ деп ұзақ
Оята алмай кері қайттым...

(Аркадий ЕВСЕЕВТЕН).

ДОЛЫ БАРЫС

1.

Гүрс-гүрс етті көктен бомба,
Сілкіндіріп жер түбегін,
Шудаланған жапты түгін
Қара орманның төңірегін.

Тағы да ұзақ шатыр-шұтыр.
Түйіскен бе жер мен аспан?
Шығады ащы аң дауысы
Айғай-шумен араласқан:

Не жылаған, не ұлыған,
Не өкірген жамырап үн:
Азан-қазан бола қалды
Дағдысына мазасыз түн.

Айтшы, айтшы, Украина,
Қайда сенің тыныштығың?
Бір кезде ақын жырға қосқан
Қайда кеткен сәнді түнің?

Тұрар еді-ау маужырап бір
Табиғатың тамылжыған:
Тырыс-тырыс етіп түсіп жерге
Миуа ағаштан піскен алмаң.

Қазір түнек аспаныңнан
Алма орнына жауды бомба,
Жатырмын мен окоп қазып,
Омырылған бау-бақшанда.

Тым мазасыз түнің бүгін,
Айналған жын ойнағына,
Өрт шеңгелін жатыр салып
Хаснетті шарбағыңа.

Қыйыры жоқ кең далаңды
Дар ағашы кеткен жауып,
Аңдар шошып орманыңнан,
Күн астына барады ауып.

Бірақ, Тарас ұрпақтары
Бүгер емес жауға белін,
Туған елдің топрағына
Жатыр төсеп көкірегің..

2.

Тағы гүрс-гүрс көктен бомба,
Ашынғандай тулады жер,

Неткен үрей ащы дауыс?
Немене ұзақ өкіргендер?

Түсіп жатыр оқ шатырлап,
Аң жатағы зоопаркке,
Уйқыдағы қара орманды
Лапылдаған көміп өртке.

Шыр-шыр етті сорлы бұлбұл,
Жаңылды да тәтті саздан.
Аққу, қаздың ақ мамығын
Жалын түстес бояды қан.

Тек ақырып долы арыстан
Темір торды тұрды қауып.
Кұлап түсті сұлу марал
Ару тәнін жалын жауып.

Шыйратылып улы жылап,
Жанып қойды айыр тілін,
Бір ысқырып уытына
Толтырды да азу түбін..

Уа, сұмырай, жат өлкенің
Қарақшысы қанды балақ,
Зұлымдығың болды-ау мүлде
Аюаннан да басымырақ.



Адам түгіл нәсілдесің
Аюанға да салдың бүлік.
Шошып зәрлі айдаһар да,
Тұр ысқырып, бүктегіліп.

Зоопарктің шетіндегі
Төніп қалды үйге жалын,
Шықты ана зыр жүгіріп,
Төске қысып жас уланың.

Бірақ, қашып үлгермеді,
Кұлап түсті құшып жерді,
Тек көз алды қарауытып,
Дүние бір төңкерілді..

Ушты аспанға құм аралас
Ет кесегі талауратқан..
Бірі өкіріп, бірі улып,
Бірі жылап, тулады аң.

Мәз болғандай сұмдығына,
Күлді Ганс төбедегі,
Масайрап ол зоопарқтың
Төбесінен төмендеді.

Осы кезде шумақталып,
Жерден бір оқ ұштыдағы,
Кектің қызыл найзасындай
Жау күзғынын түйреп алды.

Көк түгіннен күйрық тағып,
Күзғын төмен кетті құлап,
Аң жатағы шатыр-шұтыр
Күдіренді тағы да ұзақ.

«Ыр-р» етті де түсті қарғып,
Оқ омырған шілтер тордан,
Денесінен қан сорғалап,
Әлде нендей бір шұбар аң.

Долы неме жан жарасын
Елемеді ашу қысып,
Алды-артына қарамастан,
Күр бет алды кетті зытып.

Оқ күркірі үзілді де,
Бола қалды сәл саябыр,
Алайда жер дәйек тұтпай,
Мезгіл-мезгіл етті дір-дір.

Қара орманды жалмайтындай
Келе жатты жалын жауып,
Өрт кемірген бәйтеректер,
Кұлап жатты ауық-ауық.

Еріншектеу тек автомат
«Тыр-р» етті де тына қалды...
Тары неткен ащы дауыс,—
Әлде кімдер айғай салды.

Кенет ұзақ шатыр-шұтыр,
Сілкінді жер тітіреніп,
Қызыл-жасыл ракеталар
Көк әлемін кетті кезіп.

Былдыр-былдыр мылқау неміс
Неге олай азан-қазан?..
Кім оларды түн ішінде
Уйқысынан мазалаған?

Уа, қайда екен Темір біздің —
Кек іздеген өжет бала,
Кездеспесе жарар еді,
Аласұрған жау оғына,
Ізделішкі, кел, оқушым,
Кезіп мынау қара түнді!
Догаралық әзірге енді
Одан өзге әңгімені,

3

— Ана, ана!

— Ау, қарағым?

— Мысық па, анау шұбар-ала?

— Жок, Барыс...

— Жыртқыш аң ба?..

Жатыр Темір ну орманда,
Сандырақтап жұмып көзін,
Түс сонары салып еске,
Өткен сонау сәби кезін:

Жас күндерін анасымен
Зоопаркке бірге барған,
Сонда долы барысты оның
Тұңғыш рет көзі шалған.

Айбат шегіп ашулы аң
Шілтерлі тор ар жағында
Жұтпақшы боп аузын ашқан,
Жақындаған адамдарға..

— Ана, ана!

— Ау, қарағым?

— Тағы да бір оқып берші,
Қандай аты оның?

— «Мыщри»*)

— Жок, баланы айтам—
Өр ұрпағы тау елінің?

— Белгісіз ғой бала аты —
Ақын оны атамаған.

— Неге олай? Жә, оқый бер,—
Дейтін сонда өжет ұлан.

«Бұлтты түгел кездім көзбен,
Найзағайды аулап қолмен...
Тұмандай-ақ дүлейменен
Кұшақтассам шаттанар ем..»

— «Ана, ана!

— Ау, қарағым?

— Неткен жүрек ол балада?

— Аңсаған ғой еркіндікті,
Ие, оқы, оқы, ана?..

«Ербен етті кенет маған
Көрінді егіз от нүктесі
Жылт-жылт етіп жалындаған.

Содан кейін;

Маған қарай

Қарғып түсті бір жыртқыш аң,
Қыр қонағы көптен бергі
Ол айбарлы барыс еді...

Аудармастан қанды көзін,
Төсіменен жерді сызып,
Жыртқыш маған жақындады,
Енді ғана атылғалы..»

Жырлап берген анасы оған
«Мыщриды» бала шақта,
Кейінірек оқып өзі
Сақтап қалған сөзін жатқа.

Кұр сандырақ,

Түсірді еске

Өткен сонау сәби кезін,
Болды анасы отырғандай
Бас жағында төсегінің.

Жатқандай ол сырқаттанып,
Кұшағында анасының
(Шынында да жаудың оғы
Кеткен үзіп қара санын).

— Ана, ана!


Су, шөлделім!

(Қайтармады ана жауап),
Темір мүлгіп көзін ашты,
Еді бұл тек жан сандырақ.

— Ана, ана!

Су берші, су!

Бұл жол жауап қайтқан оған—
Түсініксіз әлде нендей
Аң дауысы ырлдаған.
Кірпіктерін ашып алсіз,
Шалқасынан жатыр бала,



Көрінгендей көзіне оның
Бір жыртқыш аң шұбар ала,
Өңі ме шын, түсі ме әлде,
Бұл арасы емес аян:
Жалт-жұлт екі от нүктесі —
Өткір көздер қанталаған.

Тек ақсыйтып ашып аузын,
«Ыр-ыр!» етті бір жат дауыс,
— «Ие, түс қой,—деді бала,—
Қайдан келсін мұнда барыс».

Сәлден кейін жан таласып,
Бір ұмтылды алға таман,
Тарғыл барыс бірақ, оның
Кетер емес көз алдынан,

Манағы екі от нүктесі
Ырылдаған қаһарлы үн
Көрінді енді дария оған,
Толқындайын жарға ұрылған.

Болып бейне ол бір торғай,
Арбап көкпен жылан тартқан.
Ұмтылмақ ед ажалға өзі—
Барысқа аузын ашып жатқан.

Бірақ, дене бағыбады
Несіне егескендей.

— Су, су тамшы ..

Тағы ұмтылды

Дене тағы қойды көнбей,

Өжет ұлан ызаланып,
Сығып алды көзден жасын,
Тағы ұмтылды, кетті талып,
Көтермеді қайтып басын.

Бар ма еді оның бала болып,
Бұған дейін жылағаны?
— Су, су!—деді үзіп—үзіп,
Тек бір жұтым су арманы.

Шіркін, жалғыз тамшы судың
Сонша зәру болған несі?
Украина! Қайда суын?
Бөбегінді жібесенші!

Уа, Днепр, толқынданып,
Ағып өтші осы арадан,
Хасиетті суыңа ұлың
Тоссын ерің тобарсыған.

Ол лаулаған өрт денесін
Шомылдырып, дертін бассын.
Көбірсіген таңдай жібіп,
Жаңадан ол көзін ашсын,

Бала сұлық, жатыр үнсіз,
Екпегінен жер бауырлап.
Туып келед көк жиектен
Талауратып ай қанталап.

Жан талсырған болар ма ол?
Жок, жоқ ауыр айта көрме!
Тарт, сұм ажал, шеңгелінді,
Қолың созба бөбегіме!

Шертші, Тарас, қобзарыңнан
Кектің жаңа шежіресін.
Оят, егер ұйықтап жатса,
Ер Щорстың немересін.

*) «Мыщри» — Лермонтовтың дастанының аты.

Қобзарының жеткіз күйін
Нәрестенің құлағына.
Болсын қуат, алсын нәр ол
Шәліркеген жас жанына!

Өткен түні зоопарктен
Қашып шыққан шұбар-ала
Жатыр қазір кек ұлының,
Аузын ашып, қарсы алдында.

Бірақ, бала сезер емес,
Ұмытқандай дүниені,
Тек өмірдің лебіндей
Қағады әлсіз желбезегі.

Тұршы, ұлан, тұршы, ұлан!
Бола көрме барысқа жем,
Уа, қайдасың? Қолда, бахыт,
Жас перзентке берсеңші дем!

Бер ұланның білегіне
Арыстанның алып күшін.
Жанарына берші жалын—
Жеңер анау от нүктесін!

Ай бозарып қорыққандай,
Бұлт қойнына сүңгіп кетті.
Аспаннан бір күйрыктанып,
Жалғыз жұлдыз ағып өтті.

Бұл не хабар? Айтшы, жұлдыз,
Сорғаладың неге көкпен?
Кім еді олай шулы өмірдің
Салтанатын тастап кеткен?

Әлде анау нәрестенің
Өшпекші ме шырақданы?
Таусылған ба сапарының
Өрге шығар баспалдағы?

Басталған жоқ тарихының
Әлі думан шежіресі,
Жолама оған, шегін кері,
Ажалдың сұм көлеңкесі!

4

Жыйырылып, бүктетіліп,
Долы барыс жақындады,
Көзіне отты қан құйылып,
Енді ғана атылғалы.

Бірақ, шұбар қарғымады,
Жер бауырлап жылжи түсті.
О да әлсіреп жоғалтқан ед
Өз бойынан асау күшті.

Аяқтағы ауыр жара
Қарғуға ерік берер емес,
Алайдағы аш шіркіннің
Өңешіне жемтік керек.

Жылжып келед, жылжып келед,
Бауырымен жерді сызып,
Тек байырғы дағдысы мен
Бір жазылып, бір бүктеліп.

Бала әлсіз ашты көзін —
Баяғы бір шұбар—ала.
«Ыр, ыр!» етіп айбат шегіп,
Тұр тағыда қарсы алдында.

Сандырақ пен түс ұласып,
Темір мүлде ұмытты өзін.
Ойлады ол: «Мыңрида»
Тауға қашқан өжет ұлмын».

Қолындағы болат кездік
Тәрізденді сойыл оған,
Бар тынысын тартып ішке,
Бақты көзді қанталаған.

Жалтылдаған төрт от нүкте,
Жатты бір аз арбасумен.
Дегендей-ақ бір-біріне:
«Менде үстемдік, мен мен жеңем!»

Бойға ақтық жыйып күшін,
Бүктеліп ол, шегіншектеп,
Тарғыл жыртқыш «ыр-ыр» еттіде,
Нәрестеге атылды көп...

Осы кезде автоматтан
«Тыр-р» етті бір оқ тізбегі,
Долы барыс қалды жаңсыз,
Қан сорғалап, құшын жерді.

Сылтый басып шықты сонда,
Қара, торы солдат адам,
Тобарсыған жүзінде қан,
Сол білегін асып алған.

Қас батырдай зор тұлғасын
Сүйсінер ед көрген пенде,
Қыран қабақ, қыр мұрынды,
Жалыны бар қара көзде.

Талықсыған өжет бала
Көзін әлсіз бір ашқанда,
Көрді өзін мейірімді
Мосқал солдат құшағында.

— Айтшы, қарғам, кім едің сен?
— Тамақ кеуіп, демім бітті.
— Су?! Ие, су, бір жұтым су!
Бала тағы талып кетті.

Көпті көрген егде солдат
Құтысын кұр сақтаған ба?
— Міне, қарғам, ұртташы тез!
Суды екі-үш жұтты бала.

Өзге дүние адамындай
Тағы ашқанда Темір көзін,
Әлде кімге ұқсатқандай
Болды оның қоңыр жүзін.

— Айтшы, ұлым! Кім едің сен?
Сәби кезден азап тартқан,
Жаның сірі екен, сірә
Бұл жараға төзіп жатқан.



— Ие, қарғам, тек тезірек
Қалдымастан айт сырыңды!
(Сандырақтап Темір, бірақ,
Соғып кетті «Мыңриды»).

Қара орманның батысынан
Келе жатты өрт тұтанып,
Өртпен бірге таң алдында
Күңіренді оқ ауық-ауық.

Бір күрсініп, мосқал солдат
Арқалап ап жас баланы,
Тарта берді күн шығысқа,
Соққан кезде таң самалы.

Өкше ізінен шұбатылып,
Шыға берді жау қарасы,
Жапты оларды жат көзінен
Таңның қою қараңғысы.

Сылтый басып барад солдат
Кейде еңбектеп, кейде тұрып.
Тынбай ажал жоқшысындай—
Өтіп жатты оқ ысқырып.

Сәлден кейін сайға құлап,
Солдат көзден болды ғайып.
Көтерілді шығыстан күн,
Қызыл кұстай қанат жайып.

Мезгіл жылжып оза берді,
Өтті арада бір неше күн,
Алматыға бет түзеген,
Эшелонда Темір біздің—

Жатты үнсіз, Алатауға
Көзін тігіп терезеден,
Алмалы бақ, ұланыңа
Құшағыңды аш, әлшете, сен!



Түсін,
шырақ!



Қолындағы қырмазы ту
Нұр төгеді саған, шырақ!
Гүл-гүл жайнап шақырып тұр,
Сөз айтпайды, түсін, бірақ.

Галстугің алқызыл ғой,
Дидарындай шат адамның,
Пионерсің, терең ұғын,
Шапақ шашып жарқырауын.

Барабаның жер жаңғыртқан,
Сапка тұрып қақсаң үні.
О да өзінмен сырласады,
Болмаса да сөйлер тілі.

Сұлу горн ойнағанла,
Тамылжытып күй төгеді.
«Келді сынақ, болды-деп-май»,
Шақырады о да сені.

Ту, галстук, барабаның
Білесің бе саған, шырақ?
Айтып тұрғой өң мен үні
Болады деп: «Майда сынақ».

Ушырам деп сені шыңға,
Оқытушың болған ынтық.
Топшың болат болса екен деп,
Етпеді ме еңбекті артық.

Жазбады ма талай дәптер,
Қазбады ма кітаптарды,
Узақ түнге көзін сүзіп,
Саған білім дайындады.

Сол еңбектің жанар кезі —
Келді сынақ, қарашығым!
Қуансын бір ұстаздарың,
Адал ісін етпе шығын.

Құрдастарың, жан достарың
Ықласы сенде сергек.
Отты көзін саған қалап,
Өнерінді сында көрмек.

Талай ғалым кітап жазып,
Еңбек еткен көрмей тыным,
Сол еңбегің ақтау үшін
Беспен бітір оқу жылын.

Осылай деп ақыл айтар
Гүлденсің деп ойлаған жан.
Бұл айтқанды түсін, шырақ!
Айтылып тұр арнап саған.

Қ. БОРАМБАЕВ.

Т Ө Р Т Т Ү С

—Елінде қандай байлықтар бар?—деген сұраққа Отанымыздың әрбір азаматы:

—Адам баласының жанына не керек болса, соның барлығы да біздің байтақ елімізде бар,—деп, мақтана жауап береді.

Біздің өлкеміздің жері қанша байтақ болса, оның байлығы да сонша мол. Сонау алтынды



Алтай мен Орал тауының, Арқа мен Алатауды арасы-іші қайнаған алуан-алуан кенге толы болса, көк майсалы қолтығы төрт түлік малға толы.

—Мал адам баласының бауыр етінен жаратылады.—дейтін қазақ халқының мәтелі бар. Рас Ата-бабамыз малды адам жанына теңеген. Өйткені олар малсыз күн көре алмайтын болған. Жейтін тамағы да, киетін киімі де сол малдан шыққан. Октябрь Социалистік революциясынан бұрын қолыңда ешқандай техникасы болмаған қазақ халқы «сауса сүті, кісе жүні, сойса еті мінсе күші» деп төрт түлігін сүйейінш еткен.

Балалар! Байқап қарасаңыздар, қарт адамдар аманшылық сұрасуды «Мал, жандарың аман ба?»—деп бастайды. Немесе балаларың әлпештеп жырлағанда: «бота көзім, құлыншағым, қозым»,—дейді. Бұл олардың жас төлдерді өз бөбектеріне теңегенін көрсетеді.

Қазір, Сталин дәуірінде, қазақ халқы жалғыз төрт түлік қана емес, техниканың талай байлықтарына кенелді, жер байлығы мен кен байлығына да ие болды. Демек, «күн көрері» жалғыз мал ғана емес, басқа да байлығы ұшан теңіз.

—Сарқылмас байлықтың өлкесі,—дейді жұрт Қазақстанды. Бұл өте дұрыс берілген баға.

Балалар! Қазақстан социалистік мал шаруашылығының шығыстағы базасына айналды.

Москвадан шыққан жолаушы Ақтөбеден бастап біздің өлкемен танысады. Сонда оған зулап келе жатқан поездың терезесінен жер қайысқан төрт түлік, көк орай шалғын жер, толқыған егіс көрінеді. Үш тәулік бойы жүрдек поезбен жүріп отырып Ақтөбеден астаңамыз Алматыға өрең же-

теді. Ал, Алматы респуб-ликасының кең байтақ өлке!

Енесіне еркелегендей ойнақтап жүрген құлын, қы-адай арғымақтары, төрт аяқтыда бота тату» бірі иіскеп сүйсініп тұрған енесі өркеші таудың шыңына да көресін. Шуылданып келіп жамрасқан қошақ, тұқымды қойлар, жібек бағалы қарақуль отарла жағасынан Балхаш даласына қан осы асыл тұқымды қымды асылдандыру арқылы бар. Бұлар сүтін Голландия сыйырынан, телпегін жамылған Алат, Қырғыз, Ілең Алатауды асыл тұқымды саранау өрқағысы жазғы маусымда сүт береді.

Бұлар жолаушының терісіне келе жатқаны. Ол тауларындағы марал-күйік бауырларындағы жүйрік ностарын, Атрау аруанай ойнақшыған ақалтеке ат.

Қазақстанның мал шаруашылығы жер қайысқан мал-бұл қолтың колхоз, совхоздарды.

Біз бір сапарымызда мал өсірудегі озаты—Гу Мұнда біз тамаша мал.

Талай заманды басын аяқ төсің аялаған ұрпағын түсіп, айды Каспиге қа құйып жатыр. Жайықты зылқоға ауданының Қар деген жерлерін басып өткен биік төбеге шықтық.

—Гурьев облысының



Мік

лика кіндігі. Бұл нәде-


ал-күйрегі жалтылап
р, асыл тұқымды жыл-
кі аяқтыда адам тату,
дегендей бірінің ернінен
ботақандарды, олардың
андай нелер аруаналар-
сып маңрасқан, кешке
ның анасы, талай асыл
күнді миренос, қымбат
ы бар. Каспи теңізінің
на дейін жағылып жат-
ойлар. Әулетаның тұ-
ы алған сүтті ірі сый-
күнәрлілығы жағынан
ып түседі. Басына ақ
ға да келесін. Талас,
ның бауырларында да
йырлар өсіріледі. Олар
да 4000—5000 литрден

поезд үстінде ғана кө-
олаушы, әрине, Алтай
і, Жоңғар Алағауының
ылқылар, рамбул мире-
рын, жер-көкке турмай
арын көрген жоқ.
ашылығы өте бай. Бұл
дективтік шаруашылық-
малы.

туған республикамыздың
ев облысында болдық,
жайлауларын көрдік.
өткізген Жайық өзені
риза болғандай көлбей
ай, маржандай мөлдіреп
шығыс жағындағы Қы-
бау, Қаракөл, Кермакас
Ақтөбе қорғанша де-
шуданы малын осы



Тайсойғанда семіртеді. Ел сынап, жер тандап өт-
кен Асанқайғы қоныс іздеп жүріп осы Тайсой-
ғанды көргенде: «жабулы қара қазаным екенсің,
сенің қақпағыңды ашатын ұрпақ көрер игілігің-
ді»,—деген екен. Міне, сол ұрпақтың бірі сіз кө-



ріп тұрған Сталин атындағы колхоздың жас жыл-
қышысы—Үмбетқалиев Меңдеш, — деді, біздің
қасымыздағы Есім қарт.

Меңдеш жаңа ғана туған құлыңды алдына өн-
геріп келеді екен, бізді көрді де атының басын
бұрды.

—Өзің құлыннан кішкентайсың, мына құлын-
ды қалай өңгердің, әлде біреу көмектесті ме?—
деген біздің сұрағымызға, ол:

—Бұл құлыңды бірінші рет өңгеруім емес, төрт
жылы бойы істеп келе жатқан жұмысым ғой. Осы-
нау туған құлындарды суықтан да, бөріден де өс-
тіп сақтамаса бола ма? Мынау құлын жаңа анау
төбеде туып еді, ауылға әкеле жатырмын!—деді
салмақпен сөйлеп.

Меңдеш әлі жас. Бірақ ол қазір облыстың
мандай алды жылқышысы болып саналады. «Мал
баққанға бітеді»—деп қазақ неліктен айтты дей-
сіз. Оның төрт жыл бойы баққан жылқысынан
әлі бір тұяқ шетінен көрген емес.

Гүлденген Отанымыздың халық шаруа-
шылығын қалпына келтіру, оны әлі де да-
мыта беру жөніндегі Сталиндік төртінші
бесжылдық жоспары бойынша біздің рес-
публикамызда мал басы бұрын-соңды бо-
лып көрмеген қарқынмен өседі. 1950 жы-
лы республикамызда 25,5 миллион бас мал
болмақшы, сонда 1946 жылғымен салыстыр-
ғанда төртінші бесжылдық аяғында, мал
басы 2,5—3 есе өседі деген сөз. БК(б)П
Орталық Комитетінің февраль пленум қау-
лысында соғыстан кейінгі дәуірде ауыл
шаруашылығы мен мал шаруашылығын өр-
кендете беру міндеттері қойылған. Бұл
міндетті орындауда жас малшыларымыз-
дың алатын орны ерекше, социалистік мал
шаруашылығындағы ата-ана, аға-жөнгебле-
ріңе, апаларыңа колқабыс тигізулерің керек,



Жайдары жүз, нұрлы жаздың
Жылы жібек өскен желі.
Күн шарықтап көк жиектен,
Тулап ақты тау өзені.
Қырда қызыл гүл жайқалып,
Шық мөлдіреп жасыл шөптен,
Көк шатырлап буырқанып,
Меруерттей жауып төккен.
Қара бұйра будақталып,
Мақбалдайын бұлты көшкен.
Ақ жібектей шумақталып,
Бозғыл тұман тауға шөккен.
Алма бағы гүлін жарып,
Таза ауаға жұпар сепкен.
Барлық әлем бір жаңарып,
Жан біткеннің көңлі өскен.
Балалар да бойын жазып,
Көк майсаға салады асыр.
Гүл тереді тауға барып,
Бәйшешегі қызыл, жасыл.
Масайрасып маз болады,
Торғай қуып, жарыс салып,
Қармақ істеп, тал жонады.
Сү жағалап аулап балық.
Құлын ұстап, қозы қуып,
Төл күтісіп қуанышпен.
Орай өскен мал мыңғуыт,
Игілікті жаңа көктем.

З. ҚАЛАУОВА.



Баладай сәнді бозтайлақ,
Жібек шуда, өр мойнақ,
Желпідеп желмен билеген
Жантаққа тойып, салса ойнақ.
Қатар біткен қос өркеш
Қарауыл қарап ерте-кеш,
Қырдан саңлақ көрсеткен,
Жүргендей ойнап қос бикеш.
Бүркіт қомды, май табан,
Жүрісін баппен шайқаған,
Шымыр тірсек, жұмыр сан,
Қанша жүрсе талмаған.
Жебе құлақ, кең қабақ,
Үкі төбе, сұлу жақ.
Мәлтілдеп көзі жайнаған
Мал ішінде бір ардақ.
Боз тайлақты өсірген,
Бота кезден бап берген—
Жас төлші шебер колхозда,
«Ардақ» деп оған ат берген.

Д. ӘЛІМЖАНОВ.



БАХЫТ іздеген БАЛА

ӘНГІМЕ

Л. МАКЕЕВ

Көктем, Май айының аяқ кезі. Панфилов дивизиясының соңы Холм қаласының оңтүстік — батысындағы Могильники селосында жағласқан. Селоның ортасындағы дөңесте оқшау бір биік үй бар еді. Сол үйде дивизияның интенданты Семен Григорьевич Прохоров тұратын.

Осы майдың бір тынық кешінде әңгімелесуге Прохоровқа келдім. Ол мені алмалы Алматыдан әйелі Валентина Ивановна жіберген жаңа алмамен шай ішуге, жасаулы дастарқанға шақырды. Тамақ жеп, шай ішіп, әңгіме—дүкен құрып, суреттер көріп отырмыз. Стол жанында әскерше киінген жеті—сегіз жасар жас бала бізбен бірге отыр.

— Мына інішек сіздің көмекшіңіз бе, қай жердікі? — деп сұрадым Семен Григорьевичтен.

— Өзіңіз сөйлесіп байқаңыз, ол сізге көптеген әңгіменің тиегін ағытады. Қылығы қызық бала.

Бала әуелі қысылыңқырап төмен қарады. Сірә, ол өзінің басынан кешірген оқыйғасын әлде неше рет айтқан тәрізді. Аздан соң оның денесі шыйрап, қаталдана қарады да, өз үйшінің басынан кешірген аянышты халін баяндай бастады. Оның бұл әңгімесі майданда болмаған адамға керемет болып көрінер. Және мұндай жап—жас баланың соншалық қыйыншылықты қалай басынан өткізгеніне ол таңқалар.

Баланың аты Федька екен. Бірақ ол фамилиясын білмеді. Тек ауылдастары оның әкесін Тимошка деп атайтыны ғана есінде қалыпты. Мінеки оның барлық ата тарату шежіресі осындай екен. Оның үстіне қазір ешқандай туысқан, бауыры жоқ, оларды немістер Федьканың өз көзінше өлтіріпті.

Біздің түрткілеуіміз бойынша, өз өмірінің ойынан шығып кеткен белестерін Федька толықтырыңқырап, үзін—үзін айтып отыр. Оның өмір кезеңдерінің бір ынықтысы—біздің Панфилов дивизиясына тап болуы тәрізді.

Федьканың әкесі мен шешесі, ағасы мен апасы тұрған селоны немістер басып алды. Бірақ, гвардия жауды қыспаққа алып, тықсыра бастады. Селодан зытатының сезген немістер, халықты қасқырша тонады.

Федьканың үйінде де немістер тұрған. Олар түні бойы мас болып, асыр салды. Өздерінше өлең айтып, үйді басына көтерді. Таң да таянды. Немістер селодан таяр алдында пештің жанында екі көзінен жас парлап, жылап отырған Федьканың шешесін жұлын омыртқасынан атып өлтірді. Тағы бір неміс екінші бөлмеге жүгіріп барып, онда сүзек ауыруынан төсек тартып жатқан әкесін атып кетті. Пештің үстінде отырған Федька өзінің жалғыз қалғанын тек сонда ғана білді. Кешегі кештен бері ағасы мен апасы үйде жоқ еді. Сонсоң ол пештің үстінен секіріп түсті де, оларға ақырып:

— Сендер аюансындар! Тірі адамды қырасындар! Мен қазір сендерге... дей беріп еді, сөзін тегіс айтуға мұршасын келтірмей, есіктен шығып бара жатқан бір неміс жалт бұрылып оны атып жіберді. Федька еште-

нені білген де жоқ, сезген де жоқ. Әкесі қайда, шешесі қайда, олар оған белгісіз болды.

Ол қалың орманда, қайдағы бір шатырдың ішінде жатыр. Басын ақшүберекпен танып тастаған. Әскерше киінген бір әйел, тәрізі санитарка болуы керек, оны күтіп жүр. Әйел оған 28 батыр туралы қызық кітап оқыйды, әңгіме айтады.

— Олар Москва түбінде неміс—фашист басқыншыларымен алысты, гранат лақтырып жаудың елу танкісін күл—талқанын шығарды. Темірлерін пыт—шыт етіп аспанға ұшырды. Ал қанша неміс солдаттарын жер жастандырғанын санап та болмайды. Әйтеуір, ақ қардың үстін жау солдаттарының өлігі басып кетті. Сонда немістер: «Егер барлық майданда мұндай мықты солдаттар кездесе берсе, онда біздің тез арада «қапұт» болғанымыз ғой,» — депті.

Мұны естігенде Федька:

— Бұл қаһарман адамдар қайда тұрады? Олар кім өздері? Мен оларға қалай жетем, көлікпен бе, машинамен бе? — деп сұрады.

Тәтесі оған:

— Қазір немістер Москва түбінен қуылған. Оларды талқандап қуған адамдар панфиловшылар деп аталады. Панфиловшылар алыста емес, осы Ленинград облысында. Дегенмен, оларға көлікпен жете алмайсың, машинамен баруың керек. Жадырап жаз шықты, Сай—саладан су сарқырап ормандар мен жолды көлкітіп жіберді. Көлікпен қыя баса алмайсың.

Федька жарасынан жазыла бастады. Бір күні шатырдан ол жасырын шығып кетті. Оның мінетін аты жоқ еді. Майдан маңайында шаруалардың малы жүрмейтін. Ал, жүріп бара жатқан машинаға қарғып мінуге ол қорықты. Сондықтан ол панфиловшыларды жаяу іздеп кетті.

Ол жауын—шашынға қарамай, күндіз—түні жүрді де отырды. Кейде далада түнейді. Кейде кісі үйіне қонады. Үй иесі оны аяп нанып, сорпасын, шайын береді. Бірақ, ол өз өмір тарихын айта беруден жалығып, кісі үйіне қонудан қашатын да болды. Ол жұрттың аяқ мүсіркеп, жөнін сұрап, тергеп мазасын алғанынан, аш жатқанын әлде қайда артық көрді. «Шіркін, панфиловшыларды тезірек тапсам, — деп ойлады ол ішінен, — онда мен оларға бәрін де айтар едім. Олар менің қолыма қару да берер еді. Сонда мен немістерге көрмегенді көрсетер едім. Сонда мені де панфиловшы деп атар еді».

Федька осылай майдан бойын аралап, терістіктен түстікке қарай жүре берді. Жолшыбай кездескен солдаттарға:

— Ағатай, айтыңызшы, панфиловшылар қай жерде соғысып жүр? — дейді.

— Майданда, — деп күледі олар, кезерген еріндерінің арасынан тісін ақсытып.

— Олар осы арадағы майданда ғой. Мен оларды әйтеу-



ір табады екенмін,—деп Федька қуанып қояды.

Бірақ, Федька майданның терістіктегі Ақтеңізден басталып, түстіктегі Қара теңізге дейін мыңдаған километрге созылып жатқанын білмейтін. Ол Севастополь туралы да, Архангельскі жайында да ештеңе естіген емес. Тек Москва туралы ғана естіген екен. Оның өзінде санитарка тәтесі айтқан болатын. Ол:

—Москвада ұлы Сталин тұрады. Ол панфиловшыларды тегіс жақсы біледі,—деген.

«Егер мен оларды бұл жерден таба алмасам, тура Москваға, Сталинге барам. Ол маған панфиловшыларды тауып береді. Мүмкін машинамен апарып тастауға әмір етер» деп те ойлады ол.

Федька қаһарман адамдары құлшына іздеді. Оларды бір көруге ынтық болды. Өйткені ол неміске кекті еді. Сол хаснетті кегін алуға панфиловшылар болмаса, әкешесіз жалғыз қалған балаға кім көмектеспек!

Федька көп күн жүрді. Соның салдарынан оның басындағы жараның аузы алынып та қалды. Тіпті тұлабойы қызып жүруге де дәрмені болмады. Бір колхозшы әйелдің үйіне қонып шығуға тура келді. Бірақ, Федька есінен айрылып ол үйде аз күн жатты. Әйел оны бар тамағын аузына тосып, жақсылап күтті. Ал, Федьканың суық сүттен басқа ештеңе ішкісі де, жегісі де келмеді.

Федька есін жыя бастағанда, колхозшы әйел одан:

—Қайдан жүрсің, қайда барасың?—деп сұрады. Бірақ, Федька панфиловшылар туралы көп айта беруге болмайтынын түсінген еді. Өйткені, олардың майданның қай тұсында соғысып жүргені—соғыс құпиясы еді. Мұны оған бір солдат айтқан болатын.

—Айтыңызшы, ағатай, панфиловшылар қазір қай жерде соғысып жүр?—дегенде, тағы бір солдат:

—Айтып тұрмын ғой, құлағыңды түріп тыңда. Панфиловшылардың қайда екені—соғыс құпиясы. Оны кез келгенге айта беруге болмайды, мүмкін сен неміс тыңшысы шығарсың.

Бұған іренжіген Федька бойын білеп тұра алмай, осыншама бейнеттеңіп панфиловшыларды неге іздеп жүрген сырын ақтарып салды. Оның көзіне жас алғанын көрген бір солдат:

—Менің сен сыяқты балаларым бар!—деді де, екеуі бір консерваны бөліп жей бастады. Федька қантты шай ішті, оған тағыда екі шақпақ қант қалдырып: «осында он-шақты күн тұр, қайтарда мен сені машинамен алып кетемін»,—деді.

Федька бұл жерде бес күн жатты да, алтыншы күні шыдай алмай түн ортасында тұрып алып, колхозшы әйелмен қоштаспастан тағы да жолға шықты. Жолшыбай неміс ракеталарының жарық сәулесі көрініп, снаряд пен мишалардың жарылып жатқаны естілді. Кейде снаряд оның тап төбесінен ұшып өтіп жатқан сыяқты болып көрінеді. Ол кезде Федька бұға қалады.

Федька жай халықтармен аз ұшырасып, аз тілдесті. Ол, көбінесе, әскери адамдармен кездесіп отырды. Ол әскери сөздерге түсініп, кейде жатты кейде ащы айтылған солдат сөзіне жаттыға бастады. Ол әскери өмірді әуелі госпитальдан шығып, майданға бара жатқан офицерлердің, сержанттардың, жауынгерлердің айтқан әңгімелерінен естіп білді. Олардың киімдері де, әңгімелері де әртүрлі. Офицерлер Федькаға кітап сыйлап, суреттер көрсетіп, кітаптардан қызық әңгімелер оқып берді. Солдаттар, әресе, егде тартқандары, Федьканы аяп, өздерімен бірге ас ішуге шақыратып болды.

Түн тастай қараңғы. Жаңбыр құйып тұр. Орман іші қалың томар, тіпті аяғыңды алып жүре алмайсың, жолсыз. Федька сүрініп-жығылып алға қарай ұмтылуда. Ешқандай от сәулесі көрінбейді. Федька қайдағы бір томарға соқтығып, сүрініп кетті. Сонда мылтығының шаппасын сарт еткізіп, қалың орманды қақ жарып;

—«Келе жатқан кім? Жат, әйтпесе атам!»—деген қатал әскери дауыс оның құлағына сап етті.

Мейлі атып жіберсе де, суға малтыйтып Федька жөн. Самсаған орманды су басып кеткен. Ұлтарақтай құрғақ жер қалмапты.

—Бұл-мен, Федькам! Панфиловшы болмасаң да, батырларша ақырасың ғой өзің!—деді Федька, сүрінген орынан төрегеле беріп.

—Мен, панфиловшының дәл өзімін!—деді жауынгер асқан мақтанышпен,—қараңғы түнде жүрген қандай жансың өзің?

—Мен бахыт іздеуші баламын. Ол бақытым-панфиловшылар. Олар менің жауға кеткен кегімді әпереді. Менің басыма бахыт орнатады,—деді Федька еңгігіп.


—Кел, ендеше, құшағыма кір!—деді жауынгер өзін мейрімді құшағын кен жайып.

Федьканың көз алдына жарқын өмірдің жарық сәулесі елестеді. Дүниені жапқан түннің түнек түндігі түріліп, көк жиектен таң шапағы біліне бастағандай болды. Ол панфиловшының мейрімді құшағына барып кірді.



ЗВЕНО, ОТРЯД, ДРУЖИНА ЖҰМЫСТАРЫН ЖАҚСАРТАЙЫҚ!

БЛКЖО Орталық Комитеті пленумының қараған мәселесі




Март айының ішінде БЛКЖО Орталық Комитеті «Пионер ұйымдарының жұмысын жақсарту туралы», қаулы алды. Ол қаулыда пионерлердің Ұлы Отан соғысы жылдарында істеген ерлік жұмыстары мен сабақты жақсы оқығаны ерекше атап көрсетілді.

Соғыс кезінде кездескен ауырғналыққа қарамастан Ленинград қаласындағы балалар сабақты өте жақсы оқыды, мектепте саналы тәртіп орнату үшін пионерлер мектеп басшылары мен оқытушыларға, комсомол және пионер ұйымдарына көп көмектесті.

Міне, осының барлығы да нағыз пионерлердің істейтін ісі еді. Ал, пионерлердің-коммунист партиясының, әкеміз Сталиннің, Ұлы Отанымыздың мейірімді қамқорлығына бөленген жас ұрпақтардың қолынан бұдан да төрі үлкен іс келетіні сөзсіз. Бірақ, пионерлер бұл іске әлі де болса шындан кірісе алмай отыр.

Жас пионер, сен көпшілік-қоғам жұмысына белсене қатысып, пионер ұйымының жұмысына жаңа ұсыныстар жасап отыруың керек. Сен оқушыларға сабақты жақсы үлгірумен үлгі көрсетуге міндеттісің. Ең алдымен өзің тәртіпті болуың керек. Пионер ұйымының талабын бұлжытпай орындауың қажет. БЛКЖО Орталық Комитеті сенен осыларды талап етеді.

Сен ержете Ленин—Сталин комсомолының мүшесі боласың. Ал, оған осы бастан әзірленуің керек.



Біздің елде ұйымдасын жұмыс істеу, ұйым үшін, халық мүддесі үшін еңбек оғу әрбір саналы азаматтың әдетті дәстүріне айналды. Сен өзің бұл жөнінде өлең айтасың.


«Өмір сур, оқы, еңбек ет халқымызға»

Совет елінің пионері» — деп ән шырақайсың.

Сен бұл өлеңді звенодағы пионерлерге де үйретесің. Ал, сен вожатый болып жүрген звено-коллективтің ең жішкентай түрі. Бірақ жішкентай істен үлкен істің бітетінін сен ешқашанда естен шығармауың керек. Сенің звеноң арқылы пионер ұйымы өте көп жұмыстар істейді. Жұмысты пионерлер өзара ақылдаса, кеңесе отырып істесе тез бітеді. Ол кезде звено пионерлерінің өткізген экскурсиясы да, өздері туып өскен жерлермен танысу

үшін ұйымдастырылған жорықтары да кеңілді өтеді. Балалар мен жас өспірімдер үшін шығатын кітаптар мен газет, журналдарды дауыстап оқу да қызық өтеді.

Сен-звено вожатыйысың, Сенің звеноңда бірде-бір пионер қоғам жұмысына қатыспай қалып жүрмейтін болсын және пионерлік тапсырмалардың орындалуын үнемі бақылап отыратын бол. Бізде істелетін іс көп. Өткен жылдан бері Советтер Одағының барлық жерінде жүздеген пионер звенолары мен отрядтары өлке зерттеу жорығына шығып жүр. Мұндай жорыққа сенің звеноңдағы пионерлер де қатысуы қажет. Жас кестешілер, әдебиетшілер мен суретшілер, әншілер мен бишілер үйірге қатысып, өнер үйреніп жүретін болсын.



Пионер отрядының жұмысы жақсы болу үшін ең алдымен звено жұмысы жақсы жүру керек. Ол үшін отряд советі звеноларға жақсы басшылық етін, оларға үнемі көмектесіп, нақтылы тапсырмалар беріп, оны қалай орындау жөнінде ақыл айтып, кеңес беріп отыру тиіс. Сонымен қатар берілген тапсырмалардың орындалуын тексеріп отыру, звено жұмысының жақсы жақтары отряд жыйындарында айтып, көпшілікке таныстырып отыру қажет. Звенолар арасындағы жұмыстар жөнінде жарыс ұйымдастыру ісін жолға қою керек.

Отряд жыйынын өткізуде БЛКЖО Орталық Комитеті мынашы талап етеді:

Большевиктер партиясы туралы, Ұлы көсемдеріміз—Ленин мен Сталиннің өмірі туралы, Социалистік Отанымыз және комсомол, пионер ұйымдары туралы әңгіме өткізіп отыру керек;

Революциялық мерекелі күндерге арнап жыйын өткізіп, онда әрбір звено өзінің дайындаған ойын-сауығын көрсетуі керек;

Отряд пионерлерін ұйымдасқан түрде кино-театрларға апарып, олардың музейлер мен көрмелерде көрсеткіші жөнінде бірлесіп пікір алысуды ұйымдастыру қажет;

Жазды күндері өлке зерттеу жорығына қатысып, дәрі-дәрмек жасалатын өсімдіктер жыйнауға баулып, жорықтарға қатыстырып отыруы қажет.

Отряд звено араларында өтетін спорт жарысын, өнерпаздардың байқауын басқарып, оны өткізіп отырады. Отрядтың қабырға газетін шығарады. Отряд жыйынында іс жоспары талқыланады, пионер қатарына түсу үшін берген оқушылардың өтініш арыздары қаралады. Жоғары класта оқыйтын пионерлерге комсомол қатарына түсу үшін кепілдік береді. Міне, пионер отряды

осындай әрі жауапты, әрі абыройлы жұмыстарды басқарады. Пионер отряды өзінің айында бір болатын жыйынын өте қызықты етіп өткізуі тиіс. Оған барлық звено бөлсене қатысуы керек.



Пионер Дружинасы

Пионер дружинасы бірнеше отрядтан құрылады. Демек бұл үлкен ұйым деген сөз. Сондықтан да оның істейтін жұмыстары да көлемдірек болуға тиіс. Пионер дружинасының жыйыны екі-үш айда бір өткені жөн. Дружина советі ара вожатыйдың басшылығымен отряд арасындағы жарысты ұйымдастырып, оны өрістетіп отырады.

Дружина советі отрядтар мен звенолардың жұмыстарындағы жақсы жақтарын бүкіл пионер ұйымына үлгі етіп таратып отырады. Мектеп пен өздері тұратын үйлердің маңына араш отырғызып, гүл егумен шұғылданып жүрген, жазды күндері колхоздың егіс даласында болып, егін жауларына қарсы күресіп, колхоз жұмыстарына көмектесіп жүрген, колхоз фермаларындағы жас төлді қамқорлыққа алып оларды күтіп өсіріп жүрген пионер ұйымдары өте көп. Міне, пионер дружинасы осындай істі әрі ұйымдастырушы, әрі басқарушы болуы керек.

Дружина революциялық мереке күндеріне арнап жыйын өткізеді. Жас өнерпаздардың байқауын, суретшілер мен кестешілердің, отряд қабырға газеттерінің көрмесдерін ұйымдастырады. Таңдаулы физкультура-спорт командаларының жарыстарын өткізеді. Дружинаның редакциялық аяқасы дружина газетін мезгілінде шығарып отыруы тиіс. Дружина жыйынында: жас техниктер, радио, автомоделшілер, жас табиғат зерттеушілер, кітап достары, спортышлар, көркем өнершілер үйірмелері жұмыс істеулері тиіс. Бірақ, бұл үйірмелердің жұмысы пионерлердің сабағына бөгет болмайтын етіліп ұйымдастырылатын болсын. Сабақтан нашар үлгіретіндерді көпшілік-қоғам жұмысынан босатып, олардың сабақтан жақсы үлгіруіне үнемі көмектесіп отыру керек.



Жас пионерлердің советі.

Бұрынғы аудандық, қалалық, облыстық, өлкелік және республикалық жас пионер штабтары Майдың бірінен бастап «Жас пионерлердің аудандық, облыстық, өлкелік және республикалық советтері» болып қайта құрылады. Аудандық, қалалық советтің председатели ВЛКЖО аудандық, қалалық комитетінің пионер бөлімі-

нің меңгерушісі болады. Ал, облыстық, өлкелік, республикалық жерлерде жас пионер советтерінің председателдігіне комсомол комитеттерінің мектеп жұмысы жөніндегі секретарьлары тағайындалады.

Бұл советтер составы комсомол ұйымдарының өкілдерінен, пионер вожатыйлары, ғылым мен көркем өнер қайраткерлері және мұғалімдерден құрылады.



Жас пионерлердің мерекелік формасы

Сен пионер қатарына алынған күні дружина пионерлері алдында пионерлік салтанатты уәде бердің. Мойныңа қызыл галстук байлап, кеудеңе значок тақтың. Бұл сенен өте ұқыптылықты талап етеді. Сен пионер значогін үнемі тағып жүруің керек. Ал звено, отряд, дружинаның салтанатты жыйынына, пионер слетіне барғанда, серуенге шыққанда міндетті түрде галстук тағып жүруің керек. Пионерлердің мерекелік киімінің түсі мынадай: ер балалар қара не көк шалбар мен ақ көйлек, ал, қыз балалар қара не көк юбка мен ақ көйлек, күюі шарт. Звено вожатыйлары, отряд және дружина советінің председатели мен мүшелері сол жеңінің үстіне ажырату белгілерін тағып жүреді.



Пионер туы

1947 жылы пионер інен бастап аудандық, қалалық пионер ұйымдары үшін және сондай-ақ пионер дружиналары үшін пионерлердің Қызыл туы мынадай болып белгіленеді.

Қалалық және аудандық пионерлер ұйымының туының көлемі 90X120 сантиметр болады. Оның бір жағына «Ленин—Сталин ісі үшін күреске дайын бол!» деп, екінші жағына аудан не қала пионер ұйымының аты жазылады. Бұл ту пионерлердің аудандық не қалалық советінде сақталады.

Ал, пионер дружиналарының туының көлемі 60X80 сантиметр болады. Оның да бір жағына «Ленин—Сталин ісі үшін күреске дайын бол!»—деп, екінші жағына пионер дружинасының аты жазылады. Ту пионер дружинасының бөлмесінде сақталады.

Ал, отрядтарда ту болмайды. Отрядтарда кішкентай үш бұрышты жалау болады. Оның көлемі 30 және 60 сантиметр болады да, диаметрі 2.5—3 сантиметр, ұзындығы бір не бір жарым метр ағашқа сақталады. Сөйтіп оған не бояумен, не кестемен отряд саны жазылып, пионер дружинасының туымен бірге пионер бөлмесінде сақталады.

ЖАС САЯХАТШЫЛАРҒА КЕҢЕС



Балалар, сендер жуырда өлке тану саяхатына шығасындар. Туған елкеміздің табиғат байлығы және тарихымен танысасындар. Сапарларың сәтті болсын десендер, саяхатқа осы бастан әзірленіңдер. Ол үшін ең алдымен саяхатқа шыққандағы мақсаттарың не екенін анық біліп алыңдар.

БЛКЖО Орталық Комитеті жас саяхатшылардың өз өлкесіндегі сталиндік жаңа бесжылдық жоспар бойынша жасалып жатқан алып құрылыстармен танысу ісіне көңіл бөліп отыр. Сол сияқты оның тарихын, табиғат байлығын білу, жер жаңдайымен танысу керек болады. Пионер мектепке бағалы өсімдік коллекциялары мен гербарий жасап әкелуі тиіс.



ЖАТТЫҒУ ЖОРЫҒЫ

Өлке тану саяхатына шығар алдында жаттығу жорығын ұйымдастыру хажет. Жаттығу жорығы арқылы отряд өлке тану саяхатына өзінің әзірлігін байқайды. Осы жорықта әр пионердің жүріске төзімділігі, хажетті жол жабдығының әзірлігі белгілі болады. Сонымен қатар олардың қарта мен компасты қалай пайдалана білетіндігі, отрядтың от жағып, ас істеп ішуге, күрке жасап, қонуға қаншалық қабілетті екені байқалады.



ЖОРЫҚТЫҢ ЖОЛ ЖАБДЫҒЫ

Жеке жас саяхатшы дайындықты алдымен киімнен бастасын. Оның аяқ киімі өз аяғына шағын, мықты және шуылғау, шулықтары таза, бүтін болсын. Ал, киімді ауа райына қарай киген жөн. Жазды күні қанша салқын болса да төн, күші сияқты қалың киімдермен жолға шығуға болмайды. Саяхатшы жаяу жүрген соң, жол-жөнекей жылынып кетеді.

Әр саяхатшы, мүмкіндігінше, мына нәрселерді жолға ала шығуы тиіс. Кішкене қапшық, жүка көрпе, орамал, құмыра, қасық, пышақ, сабын, тіс тазалайтын порошок пен щетка, қағаз бен қарындаш және бір-екі күндік азық. Ал, бұлардан басқа отряд жүгі болады. Олар: пионер горны, кішкене күрек, балта, арқан, компас, сағат, сіріңке, қағаз және бояу. Бұл жүктерді жорыққа қатысушылар өзара бөлісіп, алып жүреді.



САЯХАТШЫЛАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ

Саяхатқа орта есеппен 20—25 бала қатысады. Олардың дендері сау және жас жағынан да, төзімділігі жағынан да бір-бірімен шамалас болсын. Жорықты мұғалім немесе пионер вожатый басқарады. Отряд советінің председателі оның көмекшісі қызметін атқарады. Ол отрядтың белгіленген маршрут пен жасалған график бойынша жүріп отыруын қадағалайды. Жорыққа қатысушы пионерлерден старшина, санитарка, асбасшы тағайындайды. Старшина отряд мүлкіне ие болып, оның түгелдігін қадағаласа, санитарка жорық аптекасына ие болып, саяхатшыларға дәрігерлік жәрдем көрсетеді. Асбасшы ас пісіріп, үлестіреді. Сонсоң бір бала күнделік дәптер жазып отырсын.



ЖОЛ ҮСТІНДЕ

Отрядты бір адам белгіленген маршрут бойынша бастап жүреді. Ол отрядты жүруге ыңғайлы жолдармен бастап жүруге тиіс және саяхатшылар бір қалыпты жүріп отыруы керек. Егерде жорықшылардың біреуі шаршап, жүруге дәрмені болмаса, оған тоқтап дем алдыру хажет. Жақсы достар ешқашанда жолдасын жолға тастап кетпейді.

Жорықшылар әрбір 40—50 минут сайын бір дем алып отырады. Демалуға саялы, құрғақ жерге аялдаған жөн. Саяхатшылар көбінесе су жағасында демалдайды. Ал, түнеп, қонып қаларлықтай жағдай болса, отряд қараңғы түспей қамдануы керек.

Балалар, түнде аяқтарыңды жуып, киімдеріңді кептіріп алыңдар. Ұзақ уақытқа созылған жорықта-тазалыққа айырықша көңіл бөліңдер. Тіктеріңді тазалап, беті-қолдарыңды мезгіл-мезгіл жуып отырыңдар. Таңертен дене шынықтыру қыймылын жасаңдар.

От жағып, тамақ істегенде, отты анық алаңға жағу керек. От жағатын жердің өсімдігін жұлып, тақырлап тастаған жөн.

Тағы бір айта кететін нәрсе-күн көзіне 15 минуттан артық жатпаңдар, көп жағсаңдар, күн өтіп ауырып қалуларың ғажап емес. Сол сияқты, суға түскенде де 10 минуттан артық суда шомылмаңдар.

Пионерлер, саяхатта жүргенде, негізгі мақсаттарың-отанымыздың қасиетті жерін зерттеп, оны жете тану екенін ұмытпаңдар.

П. Коваленко.

ЖАҢАДАН АШЫЛҒАН ҮЙІРМЕ

Кешке пионерлер бөлмесіне балалар көп жыйналды. Бұлар жаңадан ашылған үйірменің мүшелері еді. Олар қабырғада ілулі тұрған «Оқу үшін» атты қабырға газетін оқыды. Онда В. И. Ленин туралы көптеген мақала жазылды. Қабырға газетімен қатар «В. И. Ленин» деген фото-монтаж тұр. Онда Лениннің әкесі—Илья Николаевич, шешесі Мария Александровна, ағасы — Александр, қарындастары — Ольга мен Марияның суреттері бар. Ленин туған үй, ол оқыған Симбирскі гимназиясы, Қазан университетінің суреттері де тұр. Ал, Лениннің жас күнінен бастап, ақырғы күндеріне дейінгі суреттері рет-ретімен орналастырылды. Бұл, әрине, отрядтың барлық пионерлерінің еңбегі еді. Үйірме мүшелеріне фото-монтаж ұнап кетті. Олар оны қызығын көрісті.

Үйірмені басқарушы 3-отряд советтің председатели Бекен Ибрашев үйірменің мақсатын айтты. Үйірме ұлы көсемдеріміз — Ленин мен Сталиннің өмір тарихын үйретеді. Сүйікті Отанымыз — Советтер Одағының саяси құрылысы және табиғат байлықтарымен таныстырады. Большевиктер партиясы, Ленин — Сталин комсомолы және жас пионерлер ұйымдарының басынан кешірген тамаша тарихын айтады.

Баяндамашы Карпов үйірме мүшелеріне «Ұлы көсеміміз Владимир Ильич Лениннің балалық және жастық шағы» деген тақырыпта баяндама жасады.

Ол Лениннің басынан кешірген балалық дәурені, жастық шағы туралы айтты. Лениннің жас кезіндегі ақылдылығы мен зеректігі, ұқыптылығы мен тапқырлығы жөнінде бірнеше қызықты мысалдар келтірді. Әсіресе оның:

— Класқа латын тілінен беретін мұғалім Федоровский кіріп келді. Ол тізімді түгендеп болғаннан кейін, бірінші шартта отырған баланы тұрғызды. Мұғалім оған латын тілінде жазылған кітаптан аударма жасатты. Бала кітапты латыншадан орысшаға аударма бастады. Ол әзір мүдірмей аударып келеді. Міне, бір қыйын сөз кездесті. Бала жедел аударма алмай, ойланп қалды. Бірақ, мұғалім оның ойланп аударуын күткен жоқ. Оған көрші отырған оқушыға аудартты. Оқушы орнынан тұрды. Бірақ аударма алмады. Федоровский бір бала дұрыс жауап бергенше, ешкімді де орнына отырғыз-

байтып еді. Екі оқушы түрегеп тұр. Мұғалім үшіншіні тұрғызды. Ол да білмеді. Төртіншіні, бесіншіні, алтыншы балалар тұрды. Әлі де ешкім аударма алмады. Тіпті «класстағы оқушылардың тең жартысы тұрды. Ақыр аяғында, кезек Володя Ульяновға келді. Осы кезде клас бір жеңілгендей болды. Володя барлық оқушы аударма алмаған «қыйын» сөзді аударып кетті. Балалар орындарына отырысты. Мұнан кейін оқушылар оны «справочник», «словарь» (сөздік) деп атайтын болды. — деген сөздері балаларды қызықтыра түсті. Олардың әрқайсысы Володя Ульяновтай, басқалар білмегенді білетін, басқалар жауап бере алмаған сұраққа жауап бере алатын болсақ еді — ау, деп ойлады.

Баяндама үйірме мүшелеріне өте ұнады, олар үйірменің келер жыйынын асығыспен күтті.

ОТРЯД ЖЫЙЫНЫ

Бір мезгілде ортаға советтің председатели Бекен Ибрашев шықты. Ол отряд күшімен дайындалған «Жеңістің жас жәрдемшілері» деген әңгіме — монтаж бастайтындығын айтты. Отряд советінің мүшесі Шура Иванова отанымыздың сүйікті қызы, неміс-фашист басқыншыларына қарсы күресте ерлік өліммен қаза тапқан партизандық — Зоя Анатольевна Космодемьянская туралы әңгімесін бастады. Жұрт әңгімені ұйып тындады. Ол:

— Москваға жау төніп келгенде, Зоя комсомолдың шақыруымен партизан отрядына кетеді. Бір күні Зоя немістердің үлкен бір оқ-дәрі тұрған сарайын өртеу жөнінде жауынгерлік тапсырма алады. Ол соны орындау жолында жүргенде, немістердің қолына түседі.

Жас қызды немістер жәбірлейді, сабайды, аялы күндерде көшеде жалаңаш алып жүреді. Бірақ, мұндай азап советтің батыр қызын жасыта алмады. Зоя жаудың сұрақтарына:

— Білмеймін! Айтпаймын! — деумен болды. Немістің бір подполковнигі Зояға:

— Сталин қайда жүр? — деп сұрақ қойды. Зоя ол сұраққа мүдірместен:

— Сталин өз орнында! — деп жауап берді.

Немістер Зояны оная сайын жәбірледі, ұрды. Сонсоң оны асып өлтірмек боп, дар басына алып келді. Мойнына арқан байлады. — дегенде балалардың денесі түрпікті. Сол сағатта олардың қайсысы болса да, Зояға араша түсуге әзір еді.

Әңгіме — монтаж қызықты өтті. Пионерлер Ұлы Отанымыздың азаттығы мен тәуелсіздігі үшін күресте ерлік өліммен қаза тапқан жас жеңімпаздарды сүйіспеншілікпен еске алды. Олардың ерлік істері мен өзгі есімдерін өмір бойы ұмытпасқа ант етті.

Райхан МОМЫНОВА.

Тастақ селосы, 75—орта мектеп.



—Өрік ағашы гүлдеді.

пионерлер шежіресі

В. И. Ленин атындағы жас пионерлер ұйымының тарихынан.

Суреттерін жасаған К. Баранов

(Жалғасы. Басы өткен сандарда)

Июнь.

Ленинградқа Өзбекстан пионерлерінің делегациясы келді.

Июнь, 11.

Ауыр науқастың салдарынан алты жыл бойы шет елде болып, М. Горький 1928 жылы Советтер Одағына қайтып келді. 11 июнь күні Қолизей кинотеатрында болған ертеңгілікте Москва пионерлерімен кездесті. Балалар ұлы жазушыны хұрметті пионер етіп сайлап, мойнына қызыл галстук байлады.

Июнь, 28.

БК(б)П Орталық Комитеті «Пионерлер қозғалысының жайы және таяуда тұрған міндеттері туралы» қаулы алды.

Орталық Комитеттің қаулысында «Пионерлер қозғалысы бес жылдың ішінде өз қатарына екі миллионға жуық балалар тартып, бір талай табыстарға қолы жетті, жұмысшылар мен шаруалардың өмірімен біте қайнасып, совет қоғам орындарының балаларға коммунистік тәрбие берудегі негізгі бір бөлімі болды», деп атап көрсетілді.

Август, 15.

«Пионерская правда» газетінде Н. К. Крупскаяның пионерлерге жазған еді:

«Сендер мырзалар емессіңдер, сендер еңбекшіл халықтың балаларың хаты жарияланды. Надежда Константиновна хатында былай деп сыңдар, сендер лениншіл жас ұлансыңдар, пионерлерсіңдер, сендердің мырзаларға еліктеулерің ұят іс болады. Сендер жас жеткіншектерсіңдер, сендердің өмірді жақсартуда көп іс қолдарыңнан келеді».

Сентябрь.

Терпеновка қыстағының (Украин ССР) пионерлері қыстақтан станцияға дейінгі жолдың ұзына бойына екпе ағаш отырғызды. Жергілікті совет пионерлерге алғыс жариялады.

Октябрь, 5.

Бұл күні совет пионерлерінің харатына жасалған «Пионер» самолеті Қызыл әуе флотына табыс етілді. Осымен байланысты соғыс және теңіз істері жөніндегі Халық Комиссариаты еліміздің пионерлері мен мектеп оқушыларына сәлем жолдады.

Октябрь, 10.

Москвадағы Радищев атындағы мектептің пионерлері Одақта тұңғыш мектеп радиостанциясын құрды.

Ноябрь.

Пионерлердің ықпалымен Нуха қаласының (Азербайжан ССР) оқушы қыздары паренжісіз жүретін болды. (мұсылман дінінің талап етуі бойынша, Шығыс әйелдері бетін жауып жүретін бет-пердені — паренжі деп атайды).

1929

Март.

Татария пионерлері ақша жыйнап, трактор сатып алды. Олар бұл тракторды үлкен шаруашылық учаскесі бар бір балалар үйіне тарту етті.

Август, 18—25.

Москвада пионерлердің бүкілодақтық Тұңғыш слеті болып өтті. Слетке жеті мыңдай делегат қатынасты. БЛКЖО Орталық Комитеті слетке үндеу жолдады, онда былай делінген еді.

«Революцияның үшінші ұрпағы-лениншіл жас ұландар 1917-жылы большевиктер партиясы көтерген коммунизм туын қолдарынан түсірмейтініне комсомол берік сенеді. Олар оны одан да биікке көтереді».

Слет ашыларда БК(б)П Орталық Комитеті атынан пионерлерді Л. М. Каганович жолдас құттықтады.

«Сендер мойындарыңа қызыл галстук тағып жүрсіңдер,—деді ол.—Қызыл галстук сән-салаңат үшін тағылмайтынын естен шығармаңдар. Сендер тағып жүрген қызыл галстукке жүздеген, мыңдаған коммунизм



Март, 20.

үшін күресушілердің қаны сіңген. Бұл қызыл галстукті аброймен тағып жүріндер, коммунизмнің қызыл туын қолдарыңда берік ұстандар».

Слеттің делегациялары Москваны аралап көрді, пионер жұмысының тәжірибесі жөнінде өзара пікір алысты, спорт жарыстарына қатынасты, совет, кәсіпшілер одағы, қоғам ұйымдарының басшыларымен кездесті.

25 августа, пионерлердің бүкілодақтық Тұңғыш слеті жабылатын күні, заманымыздың асқан талантты ақыны Владимир Маяковский слетке арнап жазған өлеңдерін балаларға оқып берді.

Сентябрь.

«Пионерская правда» газетінде слет делегаттарының Москва жұмысшыларына, көрсеткен сый—хұрметтері үшін алғыс жолдаған хаттары жарияланды. (слет кезінде делегат пионерлер Москва жұмысшыларының үйлерінде тұрған болатын). Ленинград пионеркасы М. Голубева хатында былай деп жазды.

«Жақсы қонақ еткені үшін «Динамо» зауытының жұмысшысы Лисанов жолдастың үйішіне рахмет айтамын. Мен балалар үйінде тәрбиеленемін, Лисанов жолдастың үйінде 10 күн тұрғанда, олар мені бұрын өліп қалған өз ата—анамдай әлпештеді».

Октябрь.

Еліміздің пионерлері жыйнаған қаржыға жасалған «Пионерская правда» авиетка самолети Көктебель—Севастополь арқылы Москваға ұшып келді.

1930

Сентябрь, 15.

Москвада жас тілшілердің (деткорлардың) бүкілодақтық слеті ашылды. Слет делегаттарын партияның Орталық Комитеті атынан Ярославский жолдас құттықтады.

1931

Январь.

Гомель қаласының (Белоруссия) пионерлері ересектердің сауатсыздығын жою жөніндегі жорыққа қосылды. Олар бір жыл ішінде 153 сауатсыз адамның сауатын ашты.

Май.

Украина пионерлері мен оқушылары өздері жыйнаған ақшаға сатылып алынған бірнеше тракторды Снегуровскі машина—трактор станциясына берді.



«Комсомольская правда» газетінде В. В. Куйбышевтің «Өзіміздің елімізді жақсы білейік» деген хаты басылды. Ол бұл хатында былай деп жазды:

—«Біз өзіміздің елімізді жақсы білуге тиіспіз. Бұл міндетті орындау бір ғана маман геологтардың, ғылыми және шаруашылық орындары жіберетін зерттеуші топтардың қолынан келмейді. Бұл жөнінде әуелгі сөзді Ленин комсомолы айтуы тиіс, ол миллиондаған жас жұмысшылар мен колхозшыларды, студенттерді, оқушылар мен пионерлерді, туристер мен жорықшыларды, фабрика-зауыт оқушыларын айтқанына ыйландыруы керек. Еліміздің әрбір ауданынан темір, мұнай, көмір, жертезек, химия өндірісіне хажет шикі зат, жаңа жерқыртысы, жаңа өсімдіктер ізделінеді. Бұл байлықтарды тек іздеп, зерттеп қана қоймай, оларды социализм құрылысының хажетіне жарата білуі керек».

Куйбышев жолдастың шақыруы бойынша, 1932 жылдың жазына көптеген пионерлер отрядтары пайдалы кендер, өсімдіктер іздеу жорығына шықты.

Апрель, 21

Алғашқы пионер отрядтарының ұйымдасқанына 10 жыл толуына байланысты БК(б)П Орталық Комитеті «Пионерлер ұйымының жұмысы туралы» қаулы алды.

Партияның Орталық Комитеті пионерлер ұйымының 10 жыл ішінде елеулі табыстарға қолы жеткенін, миллиондаған балалар партия мен комсомолдың басшылығымен пионерлер қозғалысы арқылы жаңа қоғам өміріне ат салысып, социализм құрылысшыларының қатарына қосылғанын атап көрсетті.

БК(б)П Орталық Комитеті пионерлер ұйымының алдына мектепте оқу сапасын арттыру, ғылым негіздерін жете меңгеру, балалар арасында саналы тәртіпті нығайту сияқты маңызы өте зор міндеттер қойды.

Июнь, 1.

БЛКЖО Орталық Комитетінің шақыруы бойынша қала пионерлері мен оқушылары деревня отрядтары мен мектептері үшін кітап жыйнай бастады. (27 июнге дейін 85,500 кітап жыйналды).

Июнь.

Москвада жас техниктердің бүкілодақтық тұңғыш слеті болып өтті.

Домбыра

ҮЙРЕНУ МЕКТЕБІ



Л. ХАМИДИ, Б. ФИЗАТОВ

(Жалғасы. Баспа журналымыздың 3 — санында).

ДОМБЫРАНЫ САЗЫНА КЕЛТІРІП БҰРАУ

Домбыраға күй, өлең ойналмастан бұрын домбыраны өзінің күйіне, сазына келтіріп бұрау керек.

Домбыраның бұрауының екі түрлі жолы бар. Бірінші жолы: домбыраның бірінші шегінің (астыңғы шек) дауысын қаттырақ шыққандай (үзіліп кетпестей) етіп бұрау керек. Осы бұралған бірінші шектің шыққан бос дыбысына, екінші шектің (үстіңгі шек) бесінші пернесінің дыбысы сәйкес келгендей шартпен, екінші шекті де бұрау керек.

Басқаша айтқанда, екінші шектің бесінші пернесінің дыбысы мен бірінші шектің бос дыбысының шығуы бірдей болу керек.

Бұл бірінші бұрауды музыка ғылымы тілімен айтқанда «кварта» бұрауы дейді.

Екінші жолы: бірінші шектің бос дыбысы екінші шектің жетінші пернесінің дыбысымен лайықтап бұралады. Бұл екінші бұрауды музыка ғылымы бойынша айтқанда «квинта» бұрауы дейді. Домбыра көбінесе «кварта» бұрауына түсіріледі. Бірақ кей кезде «квинта» бұрауыда алынады.

Батыс Қазақстан күйшілері домбыраны «кварта» бұрауына, шығыс Қазақстан күйшілері домбыраны «квинта» бұрауына түсіріп бұрайды. Домбыраны «кварта» бұрауына түсіріп, «Сары—арқа», «Қашес», «Арғынғазы», «Адай», «Қайрап шешем», «квинта» бұраумен «Қара жорға», «Қос басар», «Солжылдақ», «Дайрабай», «Сар жайлау» сыяқты күйлер орындалады. Тағы да осы сыяқты, домбыраның бұрауының екі түрлі жолымен орындалатын күйлер өте көп.

ДОМБЫРАНЫ ҚАЛАЙ ҰСТАУ КЕРЕК

Домбыраны тартқанда, жерге немесе орындыққа отырып та тартуға болады.

Орындыққа отырып тартқанда, оң аяқты сол аяқтың үстіне қойып, домбыраны алдына алып, сол қолмен домбыраның пернелерін басып, оң қол шектерді тартумен қатар дыбыс шығару әрекетінде болады. Сол қол домбыраның мойнын өте қатты қысып ұстамауы керек. Пернелерді басқанда саусақтың бауыры мен орташа күшпен ғана басу керек.

Домбыра тартушы музыка, ән—күй орындап отыр-

ған кезде домбыраның пернелеріне қарамай, тік отыруы керек. Әр қашанда домбыраның қақпағы тыңдауғына тура тұрумен қатар, домбыраны өте қысып ұстамау керек.

МУЗЫКАНЫҢ ЖАЗЫЛУ БЕЛГІСІ-НОТА

Сөйлеген сөзді жазғандай, музыканы, ән-күйді қағаз бетіне жазып алуға болады. Сол жазуға қарап музыканы, ән-күйді үйренуге және музыка аспаптары—рояль, скрипка, кобыза, гармон және домбыраға да тартуға болады.

Сондықтан музыка дыбыстарын қағаз бетіне жазу белгісін, музыка ғылымы бойынша нота дейді.

Нотаны жазудың екі түрлі жолы бар:

1. Нотаны цифрмен белгілеп жазу, демек цифрлы система;

2. Ноталы система.

Музыканың негізгі жазу белгісі—цифрлы система емес, ноталы система. Ал, цифрлы системамен жазылған ән-күйлерді тек домбыраға ғана ойнауға болады.

Басқа музыка аспаптарына цифрлы системаны қолдануға болмайды. Ал, ноталы системаны барлық музыка аспаптарына қолдануға болады. Бірақ домбыраны алғаш үйренушілерге ноталы система ә дегенде қиын болуы мүмкін. Сондықтан ноталы системаны жақсы үйреніп алғанша, цифрлы системаны пайдалану керек.

1. ЦИФРЛЫ СИСТЕМАМЕН БЕЛГІЛЕП ЖАЗУ

Домбыраға ойналатын ноталарды (дыбыстарды) цифрлармен белгілеп жазуды цифрлы система дейді.

Цифрлы системаның дыбыс белгілері домбыраның екі шегінің үлгісімен сызылған екі сызық бойына жазылады. Домбыраның астыңғы шегін 1-ші шек, үстіңгі шегін 2-ші шек дейміз.

Домбыраның 1-ші шегінің сызығында мынадай (2) цифр белгісі жазылып тұрса, ол уақытта сол 1-ші шектің екінші пернесін басып шертіп дыбыс беру керек екенін көрсетеді. Ал, егерде 4, 6, 10 немесе басқа цифр белгілері жазылып тұрса, оларды да цифрына қарай пернесін тауып ойнау керек. Ал, бұл 1-ші шектің сызығында ешқандай цифрсыз ноль (0) белгісі тұрса, бұл ешбір пернені баспай бос шектің өзін ғана тарту керек екенін көрсетеді.

Домбыраның екінші шегінің сызығында да мынадай 2, 4, 8 цифрлары жазылып тұрса, оларды да цифрына қарап тиісті пернелерін тауып, жоғарғыша орындау керек.

Ал, екі шек сызығының екеуінде де цифр белгілері тұрса, мысалы, 1-шектің сызығында 2 цифр белгісі, 2 шектің сызығында 4 цифр белгісі жазылып тұрса, бұл уақытта сол екі шектің сызығындағы көрсетілген цифр белгілері бойынша 1-ші шектің 2-ші пернесін, 2-шектің 4-ші пернесін тауып басып, екі шекті бір уақытта қоса шерту керек.

Егерде 1-ші шектің сызығында 5 цифр тұрып, 2-ші шектің сызығында цифрсыз ноль (0) белгісі тұрса, онда цифр тұрған 1-ші шектің 5-ші пернесін басып, екінші цифрсыз дөңгелек белгісі тұрған шектің пернелерін баспай, екі шекті бір уақытта қоса тарту керек.

Міне, нотаның цифрлы системасы осы үлгі бойынша үйретіледі.

НОТАЛЫ СИСТЕМА

Қазақ тілінде 39 дыбыс әріптері бар. Сол дыбыс әріптерінің қосылуынан буын, буынның қосылуынан сөз, сөздің қосылуынан сөйлем келіп шығатыны бәрімізге мәлім.

Осы сыяқты музыкада 7 негізгі дыбыс (ноталары) бар.

Сол дыбыстардың жазылу аттарын білдіруіміз керек.

Олардың аттары мыналар: **до, ре, ми, фа, соль, ля, си**. Бұл дыбыстарды (ноталарды) қағаз бетіне жазу үшін, қатар бес сызық сызылады.

Оны нота сызықтары дейді.

Бұл сызықтар 1, 2, 3, 4, 5-ші сызық деп, төменнен жоғары қарай саналады.

Мананы музыкалық негізгі 7 дыбыс (ноталар) бес нота сызықтарының үстіне және араларына жазылады.

Бұл бес сызық бойына жазылған ноталардың аттары айыру үшін, бес нота сызықтарының басына «кілт-белгі» қойылады. Домбыра ойнаудағы қолданылатын кілт белгіні «Соль» — кілті деп атайды.

«Соль» кілті деп атайтын себебіміз бұл кілттің жазылуы «Соль» — нотасы жазылатын екінші сызықтың үстіне оралып жазылады.

НОТАЛАРДЫҢ ЖАЗЫЛУ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҰЗАҚТЫҚ СОЗЫЛУЛАРЫ

Музыканы, ән-күйлерді нотамен домбыраға ойнау үшін, ноталардың жазылу түрлері мен ұзақтық созылуларын білуіміз керек.

Әрбір нотаның ұзақтық созылуын көрсететін бірнеше түрлері бар.

Бұл ноталардың бір-бірінен айырмашылықтары жазылу түрлері мен ұзақтық созылуында. Бұл жоғарыдағы көрсетілген ноталарды (ашық шекте) дауыспен санап ойнау керек. Санау мәселесі анық және жеңіл болу үшін, қанатта ілулі тұрған сағаттың маятникін пайдаланамыз.

Мысалы: Бір бүтін нотаны ашық шекте дырылдату қағысымен бір қалыпта қағып отырып, сағатқа қарап маятниктің солға қарап бірінші соғуына дауыспен — «бір», оңға қарап екінші соғуына — «е», енді солға қарап үшінші соғуына — «кі», оңға қарап төртінші соғуына — «ге», солға қарап бесінші соғуына — «үш», оңға қарап алтыншы соғуына — «ке», тағы солға қарап жетінші соғуына — «төрт» оңға қарап сегізінші соғуына — «ке», деп санап, санмен қағысты бірдей бітіреміз. Бұдан кейін санап ойнауды тағы да басынан бастаймыз.

Сонымен бір бүтін нотаны дұрыс ойнап шығу үшін «бір» есебінен бастап «төртке» дейін алған нотамызды бір қалыпта ойнап бітіруіміз керек.



Табиғат зерттеушінің дәптерінен

ҚҰСТАРДЫҢ АСҚАЗАНЫНЫҢ БЕРІКТІГІ

Жуырда бақшада мынандай бір қызық уақытқа көрдік: Үлкендігі ақас баланың түюлі жұдырығындай, көк шымшық деген құс, бақша ішінде ұшып-қонып, құрт-құмырысқаны теріп жүрді. Біреу бұл шымшықтың алдына қоңыз лақтырды. Шымшық оны қағып, жұтып салды. Әлгі кісі оған кейін тағы екі қоңыз тастады. Әлгі түймедей құс оларды да қылғып қойды. Сонымен кіп-кішкентай шымшық өзінен сәл кіші ғана жегі-сегіз қоңызды қас пен жөздің арасында жеп алды.

Сол шымшық қозғалмай біраз минут қанатын жайып, көзін жұмып отырды да, тағы екі қоңызды жеп қойды. Одан кейін ешнәрсе көрмегендей, қанатын желпіп тастап, ұша жөнелді. Құстың мұндай мешкейлігінің себебі неде?

Алматының аңдар бақшасында жүздеген торғайға тәжірибе жасап көрдік. Құстардың асқазанының ас қортуы таңғаларлық екен. Құрттар, жүнді ала құрттар, сол сыяқты денесі «жұмсақ» жәндіктер бірнеше минутта-ақ құстардың асқазанынан өтеді. Тіпті сырты тастай қатты қоңыздар да торғайлар мен тауықтардың асқазанында 10—15 минуттың ішінде қоңызға ұқсамай қалады. Ал үйректер өзінің жұтып қойған балықтарын із-түзесіз 10 минутта жоқ қылып жібереді.

Құстардың асқазанының асты қортуының маңызы өте зор. Олар бау-




бақшаға көп пайда келтіреді, өсімдіктерге зиянды жәндіктерді қырады. Сөйтіп олар бақшаны зиянды жәндіктерден қорғайды.

ҚҰСТАРДЫҢ ТҮСІ

Құстардың ұрғашысының түсі еркегіне қарағанда көбінесе, ашық айқынырақ болады. Еркек құстың түсі төңірегіндегі табиғаттың түсіне ұқсас келеді. Мұның дұрыстығына ұрғашы үйрек пен еркек үйректі, ұрғашы қырғауыл мен еркек қырғауылды көрсек, көзіміз әбден жетеді. Ал, бірталай құстардың еркегі мен ұрғашысын түсіне қарап ажырату қиыны. Олар — қаз, тырна, бөдене, қараторғай. Сонымен қатар, ескеретін бір шәрсе — түсіне қарап еркек не ұрғашы екенін тез айыруға болатын құстар жұмыртқа баспайды, балапандарын тәрбиелеуге қызмет істемейді екен. Ал, түсі арқылы жынысын табуға болмайтын құстар жұмыртқа басады, балапандарын баулуына көп еңбек сіңіреді. Бұл жөнінде қараторғайды мысалға алуға бо-

лады. Ол жазғытұрым ұя басады, балапандарын тамақтандырады. Оған еркегі көмектеседі. Бірақ, Қазақстанда қар ала торғай да бар. Олар өзен жағасындағы жардан ін қазып алып, сол інге ұя салады. Оның еркегі қара ала болады. Ұрғашысы сарғылттау, құм түстес қуаң келеді. Оның еркегі жұмыртқа басуға қатыспайды. **М. Зверев.**



Балалар! мына шаршы торғыз клеткаға бөлінген. Осы клеткаларға I ден 9-ға дейінгі сандарды орналастырыңдар. Сонда ол сандардың қосындысы ұзынынан да көлденеңінен де және қыйғашынан да санағанда 15 болуы керек.

Бахыт Бейсембаева

М А З М У Н Ы

В. И. Ленин (жалғасы)	1	Звено, отряд, дружина жұмыстарын жақсартайық	16
А. Елшібеков — Ұлы жеңісіміз	4	БЛҚЖО Орталық Комитетінің қаулысынан кейін.	18
С. Бегалин—Тырнақ алды (әңгіме).		Жас саяхатшыға кеңес.	18
С. Сейтов—Ол күндердің өшпес данқы (өлеңдер).	6	Пионерлер шежіресі.	20
Ә. Сәрсенбаев—Кек жалыны (соңы).	9	Л. Хамиди, Б., Гизатов — Домбыра үйрену мектебі (соңы).	20
К. Борамбаев—Түсін, шырақ! (өлең).		М. Зверев — Табиғат зерттеушінің дәптерінен.	24
Б. Сланов — Төрт түлік (очерк)		Ойлап тап.	
З. Қалауова — Жаз (өлең)		Мұхабаның 1—4-ші беттеріндегі суреттерді жасаған Суретші К. Баранов.	
Д. Әлімжанов — Бозтайлақ (өлең)			
Л. Макеев — Бахыт іздеген бала (әңгіме):	14		

Редколлегия мүшелері: Т. Абдрахманов (жауапты редактор), Н. Ахмедова, Ә. Бектұров, К. Борамбаев, К. Жармағамбетов, С. Мұқанов, Ж. Қонақбаев, Ә. Сытдықов, А. М. Черкасский. Тех. редакторы А. К. Доморошин.

Редакцияның адресі: г. Алма-Ата, проспект Сталина 73, Редакция журналы «ПИОНЕР».

Подписано к печати 9-6 1947 г. УГО 130

Объем 3 п. л.

Тираж 10.000

Гостипография № 3 Управления полиграфии и издательств при Совете Министров КазССР
гор. Алма-Ата, Проспект Ленина 2. Заказ № 582

307119



**БІЗ
ДЕПУТАТПЕН
КЕЗДЕСТІК**

Жақында Советтер Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллин атындағы қазақ орта мектебінің пионер дружинасы Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты Сәлімгерей Тоқтамысов жолдаспен кездесу жыйынын өткізді. Жыйында дружина советінің председателі Ғалия Омарова депутат ағаны кұттықтап сөз сөйледі. Сәлімгерей пионерлерге оқуды өте жақсы оқып, саналы тәртіпті болу жөнінде өзінің ағалық ақылын айтты. Және пионерлерді жазғы егіс маусымы кезінде колхозшы ата-аналарына көмектесуге шақырды.

Пионерлер оған:

— Ленин — Сталин ісі үшін күреске арқашан дайынбыз! — деп жауап берді.

Жыйында III-класс оқушысы пионер Батырбек Хайдаров өзінің «Біздің депутат» деген өлеңін оқыды. Оқу отличниктері Мария Жүнісова мен Райхан Мұқатаева қазақша биледі.

Жыйынның соңында пионерлер «Сталин туралы әнді» хормен айтты. Пионерлердің депутатпен кездесу жыйыны көңілді өтті.

Улмекен МҰРТАЗИНА.

Қостанай облысы, Жетіқара ауданы, қазақ орта мектебі.

**БАЛАНЫҢ БЕСЖЫЛДЫҚ
ЖОСПАРЫ**

Мен жуырда Калинин қазақ орта мектебінің оқушысы Әбдікәрімов Мұхаметкәріммен әңгімелестім. Ол маған жасының онбірде екенін, быйыл IV-класта оқыйтынын, барлық сабақты «беске» оқып жүргендігін айтты.

Мен оған:

— Елімізде Сталиндік төртінші бесжылдықтың жоспары жасалды. Осы жоспарға сәйкес әрбір шахта мен рудник, завод пен фабрика және колхоз бен совхоз өздерінің бесжылдық жоспарын белгілеп отыр. Ол жоспарда әркімнің бес жыл ішінде не істейтіндігі көрсетілген. Сол сыяқты әрбір оқушының да жоспары болу керек. Ал, сен 1950 жылға дейін не істемексің? — дедім.

— Мен — деді, бағанадан менің сөздерімді ықыласпен тыңдап отырған Мұхаметкәрім. — 1950 жылы жеті жылдық мектепті өте жақсы оқып бітіремін. Жазғы демалыс кезінде колхоз жұмысына қолқабысымды тигіземін. Жылына 100 еңбеккүн табамын.

«Міне, баланың бесжылдық жоспары» — дедім мен ішімнен сүйсініп,
Қ. ЕСТАЙ.

Алматы селолық ауданы, Калинин атындағы колхоз.



**КІТАП
ОҚЫП
БЕРЕДІ**

Онбір жасар Құрама кәрі әкесі Бөрібайға:

«Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң арқалан!
Сен де бір кірпіш дүниеге.

Кетігін тап та, бар қала!» — деп Абай ақынның қалың кітабын ашып қойып, заулатып оқып отыр. Баласы оқыған сайын, әкесі:

— Құлыным, сөздері тым жақсы екен, тағы оқышы! — деп қояды. Баласы тағы оқыйды, әкесі тағы тыңдайды.

Құрама Бөрібаев III-класта оқыйды. Ол сабақтан қолыбыс уақытында, әкесі Бөрібайға ылғый газет, кітаптар оқып береді. Әкесі, әресе, өлең, әңгіме, ертегі, жырларды сүйіп тыңдайды. Құрама сайлау кезінде әкесіне Сталиндік Конституцияны, сайлау ережелерін де оқып берді.

Әкесі баласының оқыған кітаптарын асқан құмарлықпен тыңдайды. Баласына жастайынан білім берген Совет өкметіне, көсеміміз Сталинге алғыс айтады.

Әдібай ТАБЫЛДИН.

Жамбыл облысы, Луговой ауданы, Жаға тұрмыс орта мектебі.



**СЫННАН
СҮРІНБЕЙ
ӨТЕМІЗ**

Біз быйыл VII класты бітірмекіміз. Ал VII-класты бітіріп, жұртқа ұялмай мақтанышпен көрсететін оңат куәлік алу оңай іс емес. Ол үшін көп оқып, көп біліп, көптеген емтихан мен сынақтардан сүрінбей өту керек болады. Мұны біз ешуақытта естен шығарғанымыз жоқ.

Біздің кластың оқушылары сынаққа күн бұрын әзірленді. Класымыздың Гүлшара Абдрахманова, Гүлжауһар Байжанбаева сыяқты оңат оқушылары сынаққа әзірленуде кластың басқа оқушыларына көмектесті. Олар оқушылардың түсінбеген мәселелерін түсіндіріп, берген сұрақтарына жауап беріп отырды. Міне, осының нәтижесінде біздің кластың оқушылары емтиханға толық әзірлікпен келді. Біз енді тек емтиханның басталуын күтіп отырмыз. Біздің сынақтан сүрінбей өтуге сеніміміз зор.

Зағиға ЖӨКЕБАЕВА,

Сәуле СҚАҚОВА.

Алматы, 12-кыз балалар мектебі.

Бағасы 2 сом.

